

## ӘРТАРАПТАН

**ШАРУАЛАРҒА  
ПАНА ДА БОЛМАҚ,  
ҚЫЗМЕТ ТЕ ЕТПЕК**

2-бет

## ЕҢБЕГІМЕН ЕЛГЕ ЖАҚҚАН



**АРТЫМЫЗДА  
ИМАНДЫ ҰРПАҚ ҚАЛСА –  
болашаққа алаңдамас едім**

3-бет

## СЫЙЫНАР ЕМ АНА ДЕГЕН ТӘҢІРГЕ!



**БАҚЫТ ҚОНҒАН  
ШАҢЫРАҚ**

4-бет



*Наурызбен!*

Ол өмірде арды жоғары қойды. Әпнақ ниетімен адалдықтың ауылына ақ үйін тікті. Қанағатты серік етті, шүкіршілігін аузынан тастамай қарапайым күн кеітті. Оқудан, ізденуден жалықпады, соның арқасында мықты мамандықтың иесі атанды. Жаны қалаған жұмысын тынбай атқарып, бір үзім наным таза еңбекпен тапты. Нәтижесінде жан-дүниесі рухани бай, адамгершілігі мол тұлға болып қалыптасты. Жүрген жерінде үлкендердің батасын алды, алғысын арқалады, көгерді, өсті, өнді. Осынышама ізгі қасиетті бір басына жиган кім дерсіз?! Ол – «ЦентрКредитБанк» АҚ Жезқазған филиалының директоры Ұлбазар Байтұрсынқызы СӘРСЕНОВА.

## ҚАЛПЫ ҚАРАПАЙЫМ ҚАРЖЫҒЕР



Ұлбазар БАЙТҰРСЫНҚЫЗЫ туралы бір үзік сыр

## Құрметті ханымдар! Ардақты аналар, аяулы арулар!

Табиғат әйелдерге теңдесі жоқ сұлулық пен сарқылмас қуат, нәзіктік, даналық пен таңғажайып шыдамдылық сыйлаған.

Сіздер осыншама керемет қасиеттерді бойларыңызға жинап, ең бастысы отбасының құт-берекесі бола тұра, жалпы ел дамуына зор үлес қосудасыздар. Сондықтан нәзік жандылардың қоғамдағы рөлі ерекше.

Кез келген мемлекеттің табыстары, мәдениетінің деңгейі оның әйелге деген көзқарасы арқылы анықталады. Мемлекетіміздің жүйелі қолдауының арқасында елімізде әйелдердің экономикаға, саясатқа, қоғамдық қызметке қатысуы дәйекті түрде кенеюде, ал ең бірінші басымдық ана мен баланы қорғау болып табылады.

Жезқазғанда 2313 көпбалалы отбасы кепілді әлеуметтік көмекті толықтай алып, игілігіне пайдалануда. Оның жанында өткен жылы 55 –сі баспаналы болып, қоныс тойын

тойлады. 666 аналарымыз «Алтын» және «Күміс» алқа негерлері. Биылғы мерекеледе де 17 анаға осындай айтулы марапат табысталады болады.

Ана қуанышы, әйел қуанышы – әр үйдің, отбасының, елдің мерейі. Сондықтан біз әрдайым сіздерге басымдықтың иіп, тағзым етеміз. Өздеріңізге қамқор болу біздің парызымыз!


### Құрметті ханымдар!

### Ардақты аналар, аяулы арулар!

Сіздерді шуақ шашқан 8 наурыз мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз! Мықты денсаулық, жанұяларыңызға ырыс-береке, баянды бақыт тілейміз!

Өмірлеріңіз жақсылыққа, қуанышқа толысын! Мерекеле құтты болсын!

**Қайрат ӘБСАТТАРОВ,  
Жезқазған қаласының әкімі  
Абдрахман ДОСАНОВ,  
қалалық мәслихат хатшысы**



## Аса қадірлі арулар!

«Nur Otan» партиясы «Қазақмыс» корпорациясы» ЖШС жанындағы Қарағанды филиалының атынан Сіздерді 8 наурыз – көктем мерекесімен құттықтаймын!

Сіздерге шын жүректен мықты денсаулық, сарқылмас сұлулық тілеймін! Керемет сезімдер сіздердің жүрегіңізді жылытып, барлық тілектеріңіздің жүзеге асуына тілектеспін.

Өмірлеріңіз оптимизмге, жақсы идеяларға және шабытқа толы болсын! Сондай-ақ, рух серектігі, өмірдегі тұрақтылық, жарқын оқиғалар, ұмытылмас әсерлер мен бақытты шақтар өмірлеріңізге сан берсін! Сіздер қанша нәзік болғандарыңызбен табандылықтарыңыздың арқасында биік белестерді еңсеріп, еңбекте озатсыздар. Сол аласармас биіктеріңізде күн нұрындай жарқырап жүре беріңіздер!

Осынау шуақты мерекеле баршаңыздың отбастарыңызға амандық, дендеріңізге саулық тілеймін!

**Сіздерге деген құрметпен,**

**Бауыржан ШЫҢҒЫСОВ,  
«Nur Otan» партиясы  
«Қазақмыс» корпорациясы»  
ЖШС жанындағы  
Қарағанды филиалы  
төрағасының  
бірінші орынбасары.**

# АРТЫМЫЗДА ИМАНДЫ ҰРПАҚ ҚАЛСА –

**болашаққа алаңдамас едім**

*Әр уақыттың өз талабы бар. Кешегі мен бүгінгі салыстыруға келмегенмен, ешқашан мәнін жоймайтын мәңгілік құндылықтар да бар.*

*Ол – ұрпақ тәрбиесі, білім беру немесе осы жұмыстарды жүргізетін ұстаз беделі. Бұл үшеуін бір-бірінен әсте бөліп қарауға болмайды.*

*8 наурыз – Халықаралық әйелдер мерекесі қарсаңында біз Ұлытау ауданының Құрметті азаматы, ғылым кандидаты, доцент, білім беру саласында 40 жыл еселі еңбек еткен арағар ұстаз – Шарипа САҒАДИЕВАМЕН осы жегі ажырамас ұштағанның бүгінгі болмысы жайлы әңгімелесіп, аналық өсиетін тыңдап, өмірден түйгендері жайлы ой бөліскен едік.*

– Шарипа Құсайынқызы, ең әуелі Сізді аймақтық «Сарыарқа» газетінің қалың оқырмандары атынан келе жатқан мерейлі мейрам – Аналар мерекесімен құттықтаймыз.

– Рақмет, айналайын. Осы орайлы сәтті пайдалана отырып мен де Ұлытау-Жезқазған аймағындағы барлық қыз келіншектерді, әсіресе, педагог қыздарымды гүл көктемнің осы бір тамаша мерекесімен құттықтаймын. «Сарыарқаның» бұрымдыларын да мерекелерімен құттықтап, ақпараттандыру жолындағы елеулі еңбектеріне табыс, қызметтеріне өрлеу тілеймін.

– Шарипа Құсайынқызы, «педагог қыздарым» деп қалдыңыз ғой, ендіше әңгімемізді де осы арнаға бұрсак, Өткен жылды ғана «Педагог мәртебесі» туралы Заң қабылданды. Осы заң сіздің қоңіліңізден шықты ма? Жалпы, қоғамда мұғалім мәртебесін көтеруде қандай жұмыстар жасалуы тиіс деп ойлайсыз?

– «Педагог мәртебесі» туралы заңның қоғам талқысына ұсынылғанын көпшілік біледі. Ел ұстаздары мұғалім мәртебесін арттыруға арналған заңға ұсыныстарын жеткізді. Әрине, Ұлытаудың ұстаздары да бұл істен қалыс қалмай, өз пікірлерін білдіріп, белсенділік танытты. Бәрі де сарапқа салынып, министрлікке ұсынылды. Байыбына барып қарайтын болсақ, ұстаздың мәртебесін арттыруға жағдайлар жасалуда. Айлық жалақының артуы, кәсіби біліктілікті дамыту сынды негізгі жұмыстарға жігі көңіл бөлінді. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың педагогтардың жалақысын көбейту тапсырмасы ұстаздар қауымын ерекше қуантып отыр.

Меніңше, ұстаз мәртебесінің биік болуы тек қаржылай қолдауға ғана байланысты емес. Әрбір ұстаз үйретуден, үйренуден жалықпайтын, ізденіске дайын, тың тәжірибеге әзір болса, білімі мен өз білігін көрсете алса, мұғалім мәртебесі биік болады.

► 3-бетте



дарын тапсырып жатқан уақытта елдің ертеңі үшін көтерілген жастармен бірге ол да Алматы алаңына шығады. Ақ қар, көк мұзда азаттық үшін арпалысқан көптен бірге қасқая тұрып талап-тілектерін айтады. Салдарынан оқу орнынан шығу қаупін басынан өткереді, айлап Шымкентте прокуратура табалдырығын тоздырып, сұрақ-жауапқа тартылады. Қайсар қыздың тарихта таңбалаған Желтоқсан оқиғасының қатысушысы екенін бүгін оны танитындардың бірі білсе, бірі біле бермейді. Содан не керек, 1987 жылы оқуын тәмамдаған соң жолдамамен Жезқазған облысына жіберіледі. Әуелде мысты шаһарда үш жыл жұмыс істеп, кейін туған жерімде тер төгемін деп жоспарлаған еді.

► 3-бетте

## Құрметті білім саласының қызметкерлері! Қадірлі кәсіподақ мүшелері мен ардақты ардагерлер!

Жезқазған аймақтық білім және ғылым қызметкерлерінің жергілікті кәсіптік одағының атынан Сіздерді жыл басы көктеммен бірге келген айшықты мереке – 8 наурыз Халықаралық әйелдер күнімен шын жүректен құттықтаймын! Өздеріңізге деген ыстық пейіл мен өлшеусіз құрметті қабыл алыңыздар.

«Бәрі де адамның өз қолында, ал адам әйелдің алақанында» деген сөз әлемді билейтін де, тербейтін де әйел екенін айғақтайды. Бүгінде тіршіліктің барлық саласын игерген Сіздер қоғамдық мәселелерді шешуде белсенділік танытып, Қазақстанның ілгерілеп дамуына зор үлес қосып

жүрсіздер. Осынау жарқын мерекеледе отбасының күнделікті шаруасы мен бала тәрбиесін еңбекпен қатар алып жүргендеріңіз үшін ризашылығымды білдіремін.

Көктемгі мерекелеріңізбен құттықтай отырып, отбасыларыңыз бен өздеріңізге амандық, дендеріңізге саулық, ұзақ әрі шаттыққа толы ғұмыр, шаңырақтарыңызға құт-береке тілеймін. Ел болашағы саналатын білімді ұрпақ тәрбиелеу жолындағы еңбектеріңізде талайым табыстарға жетіп, биік белестерден көрініңіздер. Мерекеле құтты болсын!

**Құрметпен,  
Төраға Марат ҚОҢЫРБАЕВ**



## СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕСУ –

### баршамыздың міндетіміз

Қазақстан Республикасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы заңы еліміздің барлық жеке және заңды тұлғаларына қатысты қолданылады. Заң демократиялық негіздерді, мемлекетті басқарудағы жариялық пен бақылауды кеңейтуге халықтың мемлекет пен оның құрылымдарына деген сенімін нығайтуға, білікті мамандарды мемлекеттік қызметке кіруге ынталандыруға, мемлекеттік міндеттерді атқаратын адамдардың риясыз адалдығы үшін жағдайлар жасауға бағытталған.

Сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылыққа жол бергені үшін қызметтен қуылған адамдарға мемлекеттік органдар мен ұйымдарда кез келген лауазымда болуға өмір бойы тыйым салынған.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы табысты әрекет оның алдын алуға бейімделген стратегия болғанда ғана мүмкін. Сондықтан, жазалауды қатаңдаумен және қылмыстық қудалауды күшейтумен бірге сыбайлас жемқорлықты тудыратын себептер мен жағдайларды жоюға бағытталған қосымша шаралар пысықталуда. Осы мәселені шешуде мемлекет пен қоғамның күш салуын біріктіруге аса көңіл бөлінуде.

Сыбайлас жемқорлық пен құқық бұзушылық дерегі туралы хабарлаған немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске жәрдемдескен адам туралы ақпарат мемлекеттік құпия болып табылатынын және құқық қорғау органдарының немесе соттың сұратуы бойынша заңда белгіленген тәртіппен ғана табыс етілетінін әрбір адам білуі қажет. Сыбайлас жемқорлық пен құқық бұзушылық орын алған жағдайды хабарлаған немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске жәрдемдескен адам мемлекеттің қорғауында болады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің тиімділігін арттыру кез-келген мемлекеттің болашағы үшін стратегиялық мәнге ие. Елбасымыз халыққа арнаған сөздерінде жемқорлық індетінің тамырына түбегейлі балта шаппайынша, мемлекетте тұрақты өсіп-өркендеу болмайтынын жиі айтып келеді.

Жемқорлық белең алған жағдайда еліміз бәсекеге қабілетті мемлекеттер қатарына қосыла алмайтыны белгілі. Мұндай әрекеттер экономикамыздың бәсең дамуына, әлеуметтік жағдайымыздың төмендей түсуіне әкеліп соқтырады.

Еліміздегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мемлекеттік саясаттың негізгі басымдықтарының бірі ретінде айқындалған. Себебі, сыбайлас жемқорлық еліміздің әлеуметтік – экономикалық дамуына кері әсер ететін, елдің даму болашағына айтарлықтай қауіп төндіретін құбылыс екені анық.

Сыбайлас жемқорлық барлық мемлекеттерде тамырын тереңге жіберген. Сондықтан онымен күресу, тоқтаусыз, барынша қатал әрі нәтижелі түрде жүргізілуі тиіс. Жемқорлықпен күрес кез келген қоғам үшін әрқашан өзекті әрі ғаламдық мәселе болып отыр. Ал, онымен күрестің тиімділігін арттыру кез-келген мемлекеттің болашағы үшін стратегиялық мәнге ие. Әсіресе, бұл серпінді дамып келе жатқан және бәсекеге қабілетті әлем елдерінің қатарына кіруді мақсат етіп отырған біздің еліміз үшін өте маңызды.

Сыбайлас жемқорлыққа жол бермеудің жолы электрондық қызмет көрсетудің аясын кеңейту. Бұл тұрғыда Жезқазған қалалық қазынашылық басқармасында «Қазынашылық-Клиент» ақпараттық жүйесі іске асырылған. Басқарма мемлекеттік мекемелерге электрондық түрде қызмет көрсетеді. Электрондық қызмет сыбайласудың жолын кесе отырып қағазбастылықты жеңілдетеді.

Қорыта айтқанда, сыбайлас жемқорлықпен күресу жолдарын және оның алдын-алу, жол бермеу мәселелері бойынша тек қана газет беттерінен оқып уақытша ойға берілмей, нақты бір шешім қабылдап, отыз елдің қатарына енуі және өзге мемлекеттерге үлгі болатын Қазақстан болуды алға мақсат қып қойып, сол үшін аянбай еңбек етейік!

**Б.ШАКЕНОВ,**  
Жезқазған қалалық қазынашылық басқармасының басшысы.

*«Құдай да емесін. Құдайдан былай да емесін» деп обал-сауапты ұмытқан патшалардан бәрін күтуге болады екен. Болатынына төрткүл дүние сенбеген қанды соғыс Украина халқының қанын төгіп, жанын қиюда. Істен сәт, елден береке кетті. Бала шошын, ана жылады. Қарттар күңіреніп, қабырғалар қақырап, Украинада халықтың басына ақырзаман орнағандай күндердің күсі болып отыр әлем жұрты.*

Көршінің шарбағының арғы жағына добы домалап кетсе рұқсат сұрап кіретін өркениеттік әдеп әдіра қалды. Шарбақты қойып шекараны алажіптей көрмей аттай салып, өзіндей тәуелсіз елді зобалаңға салған Ресей Президенті В. Путинді Гитлерге теңеп, Путлер деп отырған халықта есеп жоқ. Адалдықтан аттаса да, адамдықтан адаспа деп үмітін үзбей келген жұрттың жігері құм, көңілі мұң болды. Ресейдің Қорғаныс министрі ақпаратты қанша соғыс инфрақұрылымы мен техникасы қиратылғанынан бастап, адам шығынына келгенде сырғытып өте шығады. Соғыс басталған сәттен бастап сол аумақта адам өмірінің құнсызданып кететіні өмір шындығы. Осыны біле тұра агрессорлық соғысты бастауға бұйрық беретін жанның жүрегі тастан да қатты-ау, сіре?!

# УКРАИНА ХАЛҚЫ ЕРЛІК пен ПАРАСАТТЫҢ ҮЛГІСІН КӨРСЕТУДЕ

Соғыс туралы көп те, аз да айтуға болады. Соғыстың да соғысы бар. Агрессорлық соғыс па, жоқ әлде қорғанып жатырма? Ары тазаның қимылы да қарымды, ұраны да жалынды. Қазір Ресей әскері Украина әскерімен ғана емес, тұтас Украина халқымен соғысуда. Осыған мәжбүр болуда. Отансүйгіштік қасиеті оттан да ыстық халықты жеңу ешқандай да әскердің қолынан келмейді. Қарудың қандай түрі де ұлттың рухына қарсы қауқарсыз. Басқыншылық пиғылын басқаша түсіндіремін деп әуре болып отырған Ресей президенті осыны ескермеген сияқты. Жарылған бомба, атылған снаряд, ах ұрған аналар Украина халқын оятты. Оянған халықтың қаһарынан оспадарлардың ойыны осылуда, әскері тосылуда. Қолында таяғы да жоқ патриоттардан мұздай қаруланған әскер шошында. Осыны көріп отырып еріксіз ойға батады екенсің. Соңғы сегіз жылдық сергелденген әлден ығырыш бомбақарапайым халықтың қиянатқа деген қарсылығы бомбадан да асып түсіп, жер тітіркенте жа-

рылып жатыр. Әншейінде қысық жәшіктерін жағалап, бос бетелкелерді жинап, өткізіп жүрген кезбелердің сол шыны құтылары Молотов коктейлін жасап жатқандарға апарып бергендерін көргенде баспанасыз кезбенің адамшылығы Кремльде отырғандардан артық екеніне еріксіз басынды шайқайсың. Оянған украиндықтардың жасампаз қуатын мемлекеттің дамуына бағыттай алатын билік болса Украинаның басына баянды бақ қонатын күннің ауылы алыс емес деген сөз. Ылайым солай болғай!

Ал енді оқ атылып, бомба жарылмаса да біздің елде де жатыр емес пе?! Әлі күнге дейін ұлтты да, жұртты да ұйғытып, мемлекетімізді іркілсіз ілгері бастыратын жолға түсе алмай, жыл сайын жаңа ұлттық жоспардың сүрлеуіне түсіп, солақай саясаттың соқпағынан күре жолға шыға алмай жатқанымыз соғыс емей немене? Үйін ешкім атып қиратпаса да баспанасыз жүрген қазақстандықтардың қарасы

қалың екенін баршамыз білеміз. Зауыт, фабрикаларымызды аттырып жібермесе де, саттырып жіберген жебір басшылардың дұшпаннан қай жері кем? Салған жолдары жыл өтпей бомба түскендей шұрық тесік болатын мердігерлер де шекара асып келген жатжұрттық емес, өзіміздің қарадомалақтар ғой. Ауаларға орнатылған әткеншек пен ойын алаңдарын айға жеткізбей қиратып тынандар да парашютпен тасталған диверсанттар еместігі және белгілі. Саналы адам көргенінен сабақ алады. Украина халқын соғыс оятса, бізді отансүйгіштік, ұлттық намыс, жастарға деген қамқорлық, балаларға деген мейірім, қарияларға деген құрметіміз оятсын. Сергілік. Серпілейік. Жалқаулығымызды жау санап, жанашымас жайбасарлығымызды дұшпан деп біліп, оларға алапат соғыс жариялайық. Міне, сонда бәлкім Қазақстанға дос сүйініп, дұшпанымыз аяғын тартып, сыртымыздан сыйлап жүрер.

Әнуар ОМАР.

## ШАРУАЛАРҒА ПАНА ДА БОЛМАҚ, ҚЫЗМЕТ ТЕ ЕТПЕК

**2 наурыз Жезқазған-Ұлытау аймағы фермерлері үшін олжалы күн болды. Осылай деуімізге толық негіз бар. Жезқазған қаласындағы «Халықтар достығы мен мәдениеті үйінде» «Ұлытау» Ауыл шаруашылығын қолдау және дамыту жөніндегі Қазақстандық Ассоциациясы» заңды тұлғалар бірлестігінің ашылу салтанаты өтті.**

Бүгінгі фермер мал соңында салпақтап жүретін малшы емес. Шаруа қожалығының басшысы болу үшін қаржы-экономикалық, зоотехник-ветеринариялық, технологиялық мамандықтардан хабары болуы уақыт талабы. Мемлекеттік атқару органдары және салалық басқарма, бөлімдермен тығыз іскерлік қарым-қатынас орнату арқылы үкімет тарапынан бөлініп отырған субсидия талаптарына сөйкес әрекет жасап шаруашылығын дамыту кез-келген адамға оңай шаруа емес. Әрбір шаруашылық басшысы осы талаптардың үдесінен шыға ала-

ды деу де шындыққа жанаспай қоймайды. Міне, сондықтан да жоғарыда айтылған Ассоциацияның құрылуы қажетті қадм. Себебі, бұл қауымдастықтың басында аймағымызға белгілі тәжірибелі де жанашыр азаматтар тұр. Өздері де ауыл шаруашылығы саласында ірі шаруа қожалықтарын құрып, қалыптастыра алған басшылар осы жаңа ұйым арқылы ата кәсіпке тәуекел еткендерге нақты көмек көрсете алмақ.

«Ұлытау» Ауыл шаруашылығын қолдау және дамыту жөніндегі Қазақстандық Ассоциациясы» заңды тұлғалар бір-

лестігінің ашылу салтанатына облыстық деңгейде мән берілгені де осыны түсінгендіктен деп сенімді айтуға болады. Қарағанды облысының әкімі Жеңіс Қасымбек оң қабақ танытып, салтанатты жиынға сала бойынша орынбасары С. Шайдаровты жібергені осындай ой түйімізге жетеледі. Жезқазған қаласы және Ұлытау ауданының әкімдері, оған қоса Ұлытау ауданының кент, селоларының 15 әкімі төрт көзі түгел қатысқаны да қауымдастықтың зор маңызға ие екендігіне дәлел. «Ұлытау» Ассоциациясы ресми рәсімделгенге дейін де жылға таяу еңбек етіп, фермерлердің жырын жырлап келеді. Шаруалар өмірінде орын алған бірнеше келенсіздіктерді жоюға қол жеткізгендері де аймақ жұртшылығына белгілі. Солай болғандықтан қауымдастықтың аты аймақ, облыс деңгейінен асып республика-

мыздың бірқатар облыстарына танымал болғандығы және бар. Есімдері иісі қазаққа танымал болып үлгерген республикалық «Шопан ата» агроқозғалысының төрағасы Алмасбек Садырбаев пен «Ақтөбе» шаруалар қауымдастығының төрағасы Мәрлен Баймағамбетовтің алыстан ат шалдырып келіп арнайы қатысқандары да біраз нәрседен хабар берді. Ассоциация төрағасы Қуандық Түсіповтың баяндамасымен ашылған салтанатты рәсімде облыс әкімінің орынбасары С. Шайдаров, Жезқазған қаласының әкімі Қ. Әбсаттаров, Ұлытау ауданының әкімі С. Медебаев, «Атамекен» кәсіпкерлер палатасы Қарағанды облыстық филиалының директоры Е. Күлпейісов, «Агронесс» АҚ облыстық филиалының басшысы Б. Баймақаш, құрметті меймандар А. Садырбаев, М. Бай-

мағамбетов, Қазақстан фермерлері одағының аймақтағы өкілі Г. Омарова, «Ұлар» несиелік серіктестігінің басшысы А. Нұрсұлтанқызы, «А. Мулаков» шаруа қожалығының жетекшісі А. Мулаков құттықтау сөз сөйледі. Т. Қалмағамбетов атындағы Жезқазған филармониясының «Алтын орда» ұлт-аспаптар ансамблінің орындауындағы музыкалық нөмірлер жиналған фермерлерді желінтіп-ақ тастады. Аймақтағы шаруа қожалықтары өкілдерінің көптеп жиналғаны да олардың елге қажетті қызмет жүгін жұмыла көтеруге бейімді екендігін танытты. Қауымдастық Жезқазған және Сәтбаев қаласында кеңселерін ашып шаруалардың сұрақтарымен жүйелі, тұрақты түрде айналысатындықтарын жеткізді. Олай болса, іске сәт!

Өз тілшіміз.

# ЕЙ, АДАМДАР,



*Тар құрсағын кеңейтіп сәби сүйіп, ана аману – кез келген әйел затының арманы. Жалпы нәзікжандының жерге түсірілгендегі негізгі міндеті де осы болса керек-ті. Дегенмен, тағдырдың қилы соқпағында ана болу бақытын сезіне алмайтын жандардың қатары көбейіп келеді. Қоршаған ортамыз уланып, тіршілігіміз тозаңданған бүгінде бұған әсер ететін факторлар да жетіп артылады. Кейде бір балаға зар болып дүниеден өткен даңқты тұлғалар туралы тарих беттерін ақтарғанда қынжылып та қоясың. Әйткенмен, қазір заман өзгерді. Бұрынғыдай құр үміттеніп отыра берудің жөні жоқ. Себебі қазір ұрпақ сүйгісі келетін, алайда сол арманы орындалмай жүрген жандар үшін дамыған әлеуметті медицина біршама жақсы мүмкіндіктерді ұсынып отыр. Соның бірі – экстрокорпаралді ұрықтандыру, яғни ЭКО.*

Жасанды ұрықтандыру деп аталатын бұл үдеріс алғаш рет 1978 жылы оң нәтижесін берді. Осы жылы британдық ғалымдар 9 жылдан бері бала сүйе алмай жүрген Луиза Джой Браун атты келіншекті жасанды ұрықтандыру жолымен ана атандырды. Бала аман-есен дүниеге келгенімен, сол кездегі қоғам бұл жағдайды Құдай жолынан ада-сушылыққа балап, «құтыдағы баланы» қабылдамады. Тіпті бала нәресте шағында оның үйіне аквариумде, унитазда жатқан қанға малынған эмбрионның суреттерін жіберіп қорқытып отырды. Алғашында жас ананың баласымен сыртқа шығуға жүрегі дауаламаған. Уақыт өте келе Луизаның баласы қалыпты адамдарша өсіп, өзгелердің келекесі орынсыз екенін дәлелдеді.

Алғашқы ЭКО біздің елімізде 1996 жылы жасалды. ЭКО-ны Қазақстанға ғана емес, Орта Азияға алғаш рет алып келген дәрігер биология ғылымдарының докторы, репродуктолог-эмбриолог Салтанат Байқошқарова еді. Ол ашқан «ECOMED» клиникасының мамандары жақында мысты шаһарға да ат басын

бұрып, бала сүйгісі келетін отбасыларға екі күндік тегін кеңес өткізді. Орайлы сәтті пайдаланып, ЭКО туралы нақты ақпараттарды білу үшін Алматы қаласындағы «ECOMED» клиникасының медициналық директоры Айгерім Ахметовамен біз де кездесіп, сұхбаттастық.

Елімізде әрбір алтыншы отбасында бедеулік фактісі тіркелген. Оған экология жағдайы жиі әсер етеді. Айгерім Ахметова өз тәжірибесіне сүйеніп отырып, кенді аймақтар тұрғындары арасында бедеулік тым көп екенін айтты. Бірінші орында Батыс өңір тұрса, олардан кейін Орталық өкшелеп келеді.

### «КІМ КІНӘЛІ?!»

—Маған келген ерлі-зайыптылардың алғашқы сөзі – «Кінә кімнен?». Кешірсіздер, бірақ біз сот емеспіз. Біз – дәрігерлерміз. Біздің «Анау кінәлі!» деп үкім айтуға хақымыз жоқ. Бәрі Құдайдың қолындағы

нәрсе. Сонымен қатар, бұрынғыдай бала сүйе алмауға тек әйелді кінәлөйтін заман әлдеқашан өтіп кеткен. Өйткені қазір нақты статистика көрсеткендей, әйелдер арасындағы бедеулік 40 пайыз болса, ерлер арасында да – 40 пайыз. 10 пайызы экологиялық себептермен тығыз байланысты болса, қалғаны түрлі денсаулық жағдайларына қарай өрбиді, – дейді дәрігер.

### ЭКО-НЫ КЕЗ КЕЛГЕННІҢ ҚАЛТАСЫ КӨТЕРЕ МЕ?

Алғашында қоғам арасында кері пікір тудыратын ЭКО-ға қазір қолы жетпей жүргендер көп. Себебі оның құны қомақты қаржыны талап етеді. Маманның сөзінше, «ECOMED» клиникасында айтарлықтай аспандаған баға жоқ. ЭКО жасау үдерісі арзан болғанымен, шетелден келетін дәрі-дәрмектер тым қымбат. Жалпы ЭКО бағасы әрбір адамның азғасына байланысты түрлі сомада болады,

## СЫР-СҰХБАТ



(Соңы. Басы 1-бетте)

Мұғалімнің негізгі міндетіне кірмейтін жұмыстардан босату жалпы нормада көрсетіледі. Мұғалімнің мәртебесін көтеретін тағы бір мәселе, олардың еңбегін дер кезінде әділ бағалап, көтермелеп, ынталандырып отыру керек. Мерзімдік басылымдарда, ведомствалық газет-журналдарда мұғалімнің жылт еткен жақсылығы мен жаңалығы жарияланып тұрса, оны ел көреді. Құрметтейді. Беделін көтереді.

Педагог мәртебесі – текті елдің жарқын болашағы. Ендеше, «Педагог мәртебесі» туралы Заң талаптары мүлтіксіз орындалуы керек. Ұлы Абай тағлымында заңның орындалуына тәртіпті талап керек делінген.

– Қазір елімізде мектеп пен балабақшаға сұраныс артып келеді. Бұл елдегі демографиялық ахуалдың жақсарғандығы. Ол қуанышты да. Десек те, сол деңгейдегі жекеменшік балабақшалар, жекеменшік мектептер есебінен шешу үрдісі де бөдене барады. Жалпы, осы жекеменшік мектепке деген сідің көзқарасыңыз қандай? Ондағы білім беру деңгейі қаншалықты сапалы деп ойлайсыз?

– Бұл заман тудырған талап қой. Балабақша тапшылығы кезінде мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында көптеген мәселелер шешілді. Сол сияқты жеке кәсіпкерлердің көмегі арқылы мектеп тапшылығын да жоюмыз. Тек, сол мектептер талапқа сай білім берсін деңіз. Бала қай мектепте оқыса да сапалы білім алатындай болуы керек.

Өкінішке орай, кейбір аймақтарда жүргізілген тексерістер мен сараптамалардың нәтижесінде оқушының білім деңгейі төмен болып шықты. Ақыры, ондай сапасыз білім беретін жекеменшік мектептер жабылып, лицензиясы қайтарылып алынды.

Менің ойымша, мейлі ол мемлекеттік мекеме болсын, мейлі ол жекеменшік мектеп болсын, бұл жерде алдыңғы орынға білім бәсекелестігі шығады. Жеке мектептер өздеріндегі сапа көрсеткішін жақсарту үшін ең мықты деген ұстаздарды жұмысқа қабылдауға тыры-

**Шарипа САҒАДИЕВА,**

ардагер ұстаз, ғылым кандидаты, доцент:

# АРТЫМЫЗДА ИМАНДЫ ҰРПАҚ ҚАЛСА –



**болашаққа алаңдамас едім**

сады. Қазір ата-аналардың барлығының көзі ашық. Олардың алдында жақсы таңдау бар. Одан қалды, білім берудің білікті бағдарламаларын қабылдап, оны жүзеге асырса қай мектептің болмасын бәсекедегі беделі артады...

– «Білікті бағдарламалар» деп қалдыңыз ғой. Өкінішке орай, бүгінде осы білім саласындағы бағдарламалар мен оқулықтардың сапасы жиі сынға ұшырайтын болды. Соның себебі неде?

– Білім саласындағы бағдарламалар мен оқулықтардың жиі сынға ұшырауы жоғарғы әдістемелік орталықтардың қазіргі заман талабына сай ғылыми-теориялық ізденістер таныта алмай отырғандығы. Яғни, әдістемелік еңбектің әлсіздігі. Әсіресе, бастауыш сынып оқулықтарында, сауат ашу мен логикалық ой-өрісті ұштастыру элементтері дұрыс қойылмаған.

Егер оқулықтарда техникалық қателер кетсе, ол түзетіліп тұратын нәрсе. Оқулықтарда теория мен фактологияны бұрмалайтын қателер болмау керек. Оқулық жазған кезде авторлар ұлттық құндылықтарға негізделіп жазғаны жөн. Бірақ, педагогика ежелгі ғылыми сала. Онымен арнайы айналыспайтын адам сарапшы бола алмайды. Сондықтан, білім беру саласының мазмұнын ұдайы сақартып отыру үшін елімізде кәсіби сарапшылардың базасын қалыптастыру қажет.

– Сіз саналы ғұмырыңызды шәкірт тәрбиесіне арнадыңыз. 40 жыл ұстаздық еттіңіз? Өмірден өз орныңызды таптым деп ойлайсыз ба?

– Аллаға шүкір! Шәкірт тәрбиелеудегі армандар орындалды. Ал, адам, әйел, ана ретінде өмірден опық жемім деп санамаймын. Бүгінгі күні ақ жаулықты ана атанып, дүниеге ұрпақ өрбітіп, елдің ілтипағына бөленіп, еңбек ардагері болуымның өзі өмірден өз орнымды тапқанымның айғағы деп білемін. Адам баласы өмірге келген соң адал асын тауып жеп, қызметтің қай түрі болса да абыройлы атқарса, онда ол өмірден өз орнын тапқаны.

– Өмірде «әттеген-ай!» деген сәттеріңіз көп болды ма?

– Өмір – ол ғұмыр. Онда бәрі де болады. Кейде қуанып, кейде өкініп жатамыз. Бәрі өтті-кетті. Ендігі жерде тәубе-шүкір деген тұмарлы ғұмымға бағынамыз...

– Сіз үшін бақыт деген не?

– Аман жүрген әр күнің бақыт. Отбасының амандығы, жақындарының жанында жүргені, денінің саулығы – бақыттың бастысы осы. Адам өмірде кездескен ақ пен қараға төтеп беріп, батқан күннің қайта шығатынын естен шығармай, жақсыға қарай ұмтыла берсе бақытты болары анық. Ең басты бақыт елдің амандығы, жұрттың тыныштығы.

– Ақжәулықты ана ретінде бүгінгіңіз келіндері туралы ойыңыз...

– Қазақ халқы қашанда дана келеді ғой. Бабаларымыз айтқан әр сөздің астарында үлкен мағына жатыр. Бұрынғыдан бүгінге жеткен «Жаман келін болмайды, жаман ене болады», «Жақсы үйге түскен келін – келін, жаман үйге түскен келін – келсап» деген тәмсіл бар. Келіндердің бәрі жақсы. Ол да өз қызындай біреудің мәпелеген перзенті. Айналайын деп ақылын айтқан енеге қарсы шығатын келін болмайды. Кейде үлкендердің өзі шектен шығып, бар баланы жас келінге жаба салатыны бар. Бұл – қате. Келінді жатысынбай, тәрбиелеп, жылы сөзімізді аямай бауырымызға бассақ, бүгінгінің жас келінінен болашақтың ақ жаулықты қариясын қалыптастыратынымыз анық.

– Кейінгі ұрпаққа аналық өсиетіңіз...

– Ұрпағыма айтарым – өмірге адам деген атпен келгеннен кейін, сол атқа кір келтірмей, адам болып қалу. Өзгенің ала жібін аттамай, адал жолмен нан таба білуді үйрену, бәсекеге қабілетті болу ең басты талап. Одан соң, шығармашылық ізденісі бай ұрпақ отанын да сүйе алады, тәуелсіз елінің де қалдирін біледі. Ең бастысы, жүректерінен имандылықтың нұры сөнбесе екен деймін. Артымызда иманды ұрпақ қалса – болашаққа алаңдамас едім.

– Әңгімеңізге рахмет.

Сұхбаттасқан  
Ізтай БЕЛГІБАЙҰЛЫ.

# ҚАЛПЫ ҚАРАПАЙЫМ ҚАРЖЫГЕР



**Ұлбазар БАЙТҰРСЫНҚЫЗЫ**  
туралы бір үзік сыр

(Соңы. Басы 1-бетте)

Алайда, оған тағдырдың пешенесіне жазған тартуы басқа екен. Бір жылдан кейін Қарағандының тумасы Қажымұрат Теменовпен шаңырақ көтеріп, Жезқазғанды алтын қазығына айналдырды. Өуелі мемлекеттік банкте, кейінгі жылдары «ЦентрКредитБанк» АҚ Жезқазған филиалында үздіксіз еңбек етіп келеді. Өңгіме арасында қаржыгерлер отбасынан шыққан ол ата-анасының тұлға болып қалыптасуында үлкен роль атқарғанын тілге тиек етті. «Мен қаржыгерлер отбасында туып, өсіп-өнгенімді әрдайым зор мақтанышымен айтып жүремін. Әкем Байтұрсын мен анам Мінәй балаларына білімнен бұрын тәлім-тәрбиенің дұрыс берілуіне жете мән берді. Оқытты, тоқытты, бар мейірімін беріп, бойымызға адамгершіліктің нәрін септі, жауапкершілікке үйретті. Солардың арқасында осы мамандыққа келдім, ол үшін ешқашан өкінген емеспін. Талмай тер тоғу, білімге, жаңашылдыққа ұмтылу қасиеттері бізге әкемізден берілген» – дейді.

Қаржы саласында қарапайым қызметкерден бастылық қызметке дейінгі сатыдан өткен Ұлбазар Байтұрсынқызы мол тәжірибенің, зор жетістіктің еселі еңбекпен ғана келетінін жақсы біледі. Сондықтан әрдайым екінші отбасына айналған ұжымдастарына тұтынушылардың сенімі сапалы қызмет көрсетуге тікелей байланысты екенін үнемі айтып отырады. Башымын деп керілмей өзі де тұтынушыларға қызмет көрсетуге араласып, үнемі оң бағыт-бағдар беруге тырысады. Ол ешқашан әріптестерінен, бәсекелестерінен үйренуді, білімін жетілдіруді ар санаған емес. Осы күнге дейін сан алуан тренингтер мен семинарларға қатысып, жан-жақты даму үстінде. Отыз жылдан астам қызметтік жолында қол жеткізген басты жетістіктерінің бірі – тұтынушылардың сенімі. Олай дейтініміз осыдан бірнеше жыл бұрын банкке келіп, балаларына жинақ қорын ашқан тұтынушылардың ұрпақтары бүгінде сол дәстүрден жаңылмай өздерінің перзенттеріне депозит ашуда. Бұл деңгейіңіз тұрақтылықтың, сенімділіктің іргетасының мықты қаланғандығының көрінісі. Жылағанды жұбатып, сүрінгенге демеу көрсету білікті қаржыгердің басты ұстанымдарының бірі. Ол басқарған банк ұжымы үнемі қайырымдылық шараларына ат салысуға тырысады. «Мектепке жол» акциясы аясында жыл сайын бірқатар білім ордаларына қол ұшын созады, белгілі мереке күндерінде қарияларға қамқорлық танытып, тарту-таралғыларынан бөлек, өмір

ағымымен жасы жеткен шақта жалғыз қалған үлкендердің үй-жайына тазалық шараларын жүргізуге жұмылады. Жүрген жерінде жан-жағына жылылық шашып, мейірім төгетін Ұлбазар Сәрсенова әрдайым алғыс арқалап, батамен көгеріп келеді. Одан бөлек, қала, ауыл деп бөлмей жастың да жасамыстың да қаржылық сауатын арттыруға үлкен үлес қосуда. Ұжымдастарымен бірге айл сайын өткізетін ашық есік күндері, арнайы сабақтар осы айтқанымыздың жарқын дәлелі.

Қызметтік мансабын абыройлы қалыптастырған Ұлбазар Сәрсенованың жеке өмірінде де асығы алшысынан түскен. Жары Қажымұратпен бірге Сымбат есімді жауқазының тәрбиелеп, құтты орнына қондырған. Бүгінде қос немересі ата-әжесін қуанышқа кенелтіп, шаттықты шаңырақтарын базарға айналырып отыр.

Білікті қаржыгердің өз саласында ауыз толтырып айтарлықтай жетістіктері жетіп артылады. Бірақ, халық алғысын бөрінен жоғары қоятын ол ел игілігі үшін қызмет атқарып, оның нәсібін көріп отырсақ, одан басқаның қажеті жоқ деп санайды. Жаны жақсылыққа ұмтылған жан әр нәрседі тазалықты жақсы көреді. Қолы қалт еткен шақта әдебиеттерді парақтағанды, әл тындағанды жаны қалайды. Ғұл өсіру, оларды күтіп-баптау да оның сүйікті ісіне айналып кеткен. Жұмыс болмесе бас сұққанда қаз қатар тізіліп жайқала өскен гүлдеріне еріксіз көзіңіз түседі. Қолы тиген әр істе әдеміліктің, әсемдіктің көрінісі жағанды. Айналадағы жаныңызға жағатын аура, емен-жарқын әңгіме өрбіткен сұхбаттасушының көзіндегі от, өзіндегі энергия сізге бөлек әсер қалдырмай қоймайды. Өмірге деген құлшынысына, әрдайым ізгілікке ұмтылған болмысына қарап ерекше сүйсінесіз, тамсана таңдай қағасыз, өзіңіз де есеуара әсерлі әңгімеден кейін шабыттанып қоймайсыз. Ұлбазар Байтұрсынқызының бойындағы ерекше позитив санасында өмір сүруді қиындатып алып, енжарлыққа бой алдырып жүргендер үшін зор серпін беретіні сөзсіз. Халықаралық қақтығыстарды, елдегі жаңа қазақстандық қоғам құруға талпынған өзгерістерді тілге тиек еткен ол елдің тыныштығы, балалардың болашағы басты орында екенін баса айтты. Ел үшін еңбек етіп жүрген әр азамат осыны қаперден шығармай, әрдайым адалдықтың туын биік ұстаса деген тілегін де ақтарды.

Меруерт НАУРЫЗБАЙ.

# ЖОЛ БЕРІНДЕР АНАҒА!

соған сай рецептпен түрлі дәрі-дәрмектер тағайындалады. Жалпы соманың 60 пайызы Германия мен Жапониядан алдырылатын дәрілерге кетеді екен. Аталған елдерде өндірілетін дәрілер Қытай мен Ресейдікіне қарағанда әлдеқайда сапалырақ. Адам ағзасына қарай ЭКО бағасы 1 млн мен 2 млн аралығын қамтуы мүмкін.

## ЭКО ЖАСАУ ҮДЕРІСІ ҚАЛАЙ ЖҮРЕДІ?

Жұбайлар репродуктолог маманға қаралып, толық тексерістен өткеннен кейін аналық жасуша мен аталық, яғни сперматозоид қосылады. Одан әрі қарай жасушалардың эмбрион түзу үдерісі 5 күн ішінде бақыланады. «Сіз торт істерде оның барлық құрамын араластырып, сұйық қамырды пешке саласыз. Одан әрі қанша еңбектенген торттыңыз көтеріліп, ойдағыдай пісе ме, әлде бар еңбегіңіз зая кете ме білмейсіз ғой. Бала жасау да солай. Біз адам жасап жатырмыз. Бұл тіптен күрделі. Әрі қарай аналық және аталық жасушалардан жақсы, сапалы эмбрион қалыптасуы олардың денсаулықтарына, дер кезінде дәрігердің айтқандарын істеп, дәрілерді үзбей ішіп тұруына байланысты. 5 күн ішінде бәрінің сәтті жүзеге асуын ерлі-зайыптылар қалай күтсе, біз де солай Алладан тілеп отырамыз» деген Айгерім ханым, жақсы эмбрион өсіп шыққаннан кейін оны ана жатырына салу да біршама уақытты қажет ететінін айтты. Мысалы, дамыған эмбрионды бірден салатын жағдай болуы да, болмауы да мүмкін. Ана жатыры эмбрион салуға дайын болмаса, тағы бір ай ем жүргізіледі. Осы уақытта пайда болған эмбрионды қатырып сақтап қояды. Жалпы

жасанды ұрықтандыру кезінде әйел мен еркектен бірнеше жасуша алып эмбрион жасалатындығын айтқан дәрігер ұлды болуды қалаған ата-аналар бірнеше жылдан кейін тағы да ЭКО жолымен қызды болуға ниет танытқан жағдайда, барлығын қайта басынан бастамай, дұрыс қалыптасқан артық эмбриондарды қатырып сақтап қоюға болатындығын айтты. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің бекіткен қаулысына сәйкес ЭКО жолымен ана жатырына екі эмбрионнан артық салуға рұқсат етілмейді. Демек, ЭКО арқылы егіз бала көтере аласыз, тек жатырға екеуден артық салуға болмайды.

## «АҢСАҒАН СӘБИ» БАҒДАРЛАМАСЫНА КІМДЕР ҚАТЫСА АЛАДЫ?

Ажырасу бойынша әлем елдері арасында көш бастап тұрған елімізде ерлі-зайыптылардың жолы екіге бөлінуінің бірден-бір себебі – бала сүйе алмау. Бұл мәселе Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың да құлағына жетті. Осы орайда 2021 жылдан бастап ЭКО-ға бөлінетін квота санын 7 есеге арттыруды тапсырған Мемлекет басшысының бастамасы қаншама отбасыға шексіз қуаныш сыйлағаны сөзсіз. Соның нәтижесінде 2021 жылдан бастап ЭКО-ға жыл сайын 7000 квота бөлінуде. «Аңсаған сәби» бағдарламасы аясында Қарағанды облысы бойынша 2021 жылы 532, 2022 жылғы 525 квота бөлінген. Бұл бағдарлама 2025 жылға дейін жалғаса бермек. Сонымен бұл бағдарламаға қатысу үшін

не істеу керек? Репродуктивті жас 18 бен 49 жас аралығын қамтиды. Жергілікті емханадан жолдама алған анада соматикалық және эндокриндік көрсеткіштер қалыпты болуы қажет. Жергілікті жауапты медициналық мамандар пациентті беделілігі бар диспансерлік пациенттердің электрондық тізіміне қосқаннан кейін оның құжаттары жоғары технологиялық медициналық қызметтер жөніндегі жергілікті комиссияға жіберіліп, қорытынды шешім 12 ай ішінде белгілі болады. Медициналық тексеріс барысында жатырдың туа біткен немесе жүре біткен өзгерістері бары анықталса, анада соматикалық және психикалық ауытқулар болса, аналық без ісіктері, жедел қабыну мен онкологиялық аурулармен ауырса және денеді катерлі өскіндері бар адамдарға ЭКО квотасы берілмейді. «Аңсаған сәби» бағдарламасы аясында квота тек жылына 1 рет қана беріледі. Квота алушы санатқа жатпаған жағдайда, ниеттілер дәрігермен ақылдасып, ем жүргізіп, ақылы ЭКО көмегіне жүгіне алады.

Айгерім Ахметовамен оның командасы «ECOMED» клиникалар жүйесінің басшысы Салтанат Байқошқарованың бастамасымен ЭКО жасау клиникасы еліміздің барлық үлкен қалалары мен облыс орталықтарында жұмыс істейді. Сондай-ақ Ташкент, Бішкек қалалары-

да да филиалдары бар. Филиалдары жоқ шағын қалалар мен аудандарға барып, тегін кеңес беру үшін арнайы сапарлаған репродуктолог дәрігерлер қаламызда екі күн болып, тұрғындарды қабылдады. «Жезқазған шағын қала болғандықтан болар, бұл жақта ЭКО-ға деген көзқарас біршама артта қалып кеткен екен. Бір күннің ішінде 60 шақты адамды қабылдап, 40 шақтысына онлайн кеңес бердім. Мұндағы халық бірін-бірі танығандықтан, олардың ашық айтуға, өзінің ЭКО жасатуға ниеті барын білдіруге біршама қысылды. Мысалы, кешеден бері танысын көріп қалса, бетін жауып, кезегін өткізіп жіберіп, маған келіп: «Ол мен туралы сұрса, ештеңе айтпаңызшы» деген өтініш айтқандарға жиі тап болдым. Үлкен қалаларда ЭКО-ға деген көзқарас мүлде бөлек. Олар өздерінің осы әдіспен балалы болғандарын жасырмайды. Керісінше, ұялы телефондарын алып, бізді көрсетіп, репродуктолог мамандар көмегіне жүгініп жатқандарын ортаға салады» деген ол, ЭКО жасау – ұят емес, керісінше отбасы бақытын ұлғайтатын сауабы мол үлкен іс екенін жеткізді. Сондай-ақ ол балалы болуды жоспарлаған қыз-жігіттер отбасы құрар алдында жарты жыл бұрын арнайы мамандарға көрініп, гармондарын тексертіп, дәрумендер қабылдап, денсаулығын реттеуі қажетін де еске салды.

**Иә, балалы үй – базар екені анық. Неде болса да, сәбидің шадыман күлкісіне жетер бақыт жазғы даусыз. Ендеше, біз де әрбір адамға ата-ана болу бақыты бұйырып, ел демографиясы еселене беруіне тілектеспіз.**

Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН



*Бір қолымен бесікті, екінші қолымен әлемді тербеткен аналар жайлы сөз қозғап, оларға қанша ән жазып, өлең арнасаң да, тіпті жақсылықтың сан түрін жасасаң да көптік емтейді. Қазіргідей барлығы бар, бәріне қолжетімді заманда емес, сонау қиын-қыстау күндердің өзінде еңбекке ерте араласып, отбасын қатар ала жүріп, өмірге алты немесе одан да көп сәби әкеліп, оларға тәлімді тәрбие беріп өсірген аналарымыздың еңбегі ерлік екеніне ешкімнің таласы бола қоймас. Ел басына кун туғанда ер азаматтарға тіреу болып, ұрпағы үшін, елі үшін аянбай еңбек еткен де осы аналарымыз. Бүгінгі біздің кейіпкеріміз құрсағынан он екі бала өргізіп, кеудесіне Алтын алқа таққан Алтыншаш Аубайқызы АУБАЕВА.*

Алтыншаш Аубайқызы 1939 жылы 4 мамырда қазіргі Қарағанды облысына қарасты Жезді кентінде дүниеге келген. Ұлы Отан соғысынан кейінгі жылдары елдің экономикасы мен халықтың әлеуметтік жағдайын көтеру оңайға соқпағаны белгілі. Сол себепті бұл жылдары халықтың үлкені болсын, кішісі болсын еңбекке тартылды. Қарапайым отбасынан шыққан Алтыншаш Аубаева да еңбекке ерте араласты. 1958 жылы Тоғаш Әденов есімді азаматқа тұрмысқа шығып, қарашаңырақ Қарсақбайдың келіні атанды. Өмірлік серігі Тоғаш Әденұлы ол кезде Қарсақбай ДЕПО-сында поровоз жүргізушісінің көмекшісі болып еңбек ететін. Кейін 1969 жылы бұрынғы XXIII партсъезд атындағы совхозы, қазіргі Борсенгір ауылына қоныс аударып, зейнет жасына дейін дәнекерлеуші болып қызмет етті. 2016 жылы 80 жасында дүниеден озды.

Кез-келген адамның әдептілігі мен жан дүниесінің сұлулығы ең алдымен балаға ақ сүт беріп өсірген ана жүрегінің жылуынан басталатыны сөзсіз. Дегенмен әкенің берген тәрбиесін жүз мектептің бере алмайтыны тағы бар.

Тоғаш ақсақал мен Алтыншаш анамыз өмірде Айша, Тілепберген, Зағипа, Жұмағали, Дина, Ғабдолла, Адуахит, Ғалым, Назира, Ғазиз, Гүлжазира, Қуаныш есімді 12 бала тәрбиелеп өсірді. Көп балалы отбасында өскен балалар бауырмал, еңбеккер болатыны сөзсіз. Ата-анасынан адалдықты, еңбексүйгіштікті бойына сіңірген бұл әулеттің балалары да бір-біріне қамқор, өте бауырмал. Анасы Алтыншашты Борсенгірдегі қарашаңырақта жаз бойы ортаншы ұлы Ғалым мен келіні Жанар жағдайын жасаса, қысты күні ауылдан көрі анамызға қалада қолайлы деп шешкен кіші ұлы Қуаныш пен келіні Жанна бағып, қағып аналарының батасын алып отыр.

# Бақыт қонған шаңырақ



– Қазіргі жастарға қарап қызықсам да кейде солардың істеріне қарап қарным ашатын кездер де кездеседі. Иә, шүкір, егеменді ел болдық, көштен қалмай келеміз. Алайда осы жастардың бауырмалдығы, қамқорлықтары азайып бара жатқан сияқты көрінеді маған. Бұған таңертеннен кешке дейін жұмыста болып, кешке шаршап құлап, баласына көңіл бөлмейтін, тәрбиесіне аса мән бермейтін ата-аналардың кінәсі де бар. Бала бүгін ата-анадан емес, қолдарындағы ұялы телефон мен әлеуметтік желіден тәрбие алып жатқанына алаңдамайтынымыз тағы бар. Сондықтан да болашағымызға мән беріп, қыздарымыз бет пен дене күтімінен көрі бала күтіміне көбірек көңіл бөлсе деген тілек менде, – деген қарт ана өзінің ізгі тілегін де жеткізді.

Алтыншаш апа бүгінде 12 баладан 35 немере, 44 шөбере сүйіп, солардың қызығын қызықтап өмір кешуде. Анаға бұдан басқа арман бар ма?! «Бақыт балалы үйге қонады» дейді қазақ. Олай болса бүгінде бір қауым елге айналған Әденовтер отбасы нағыз бақыт қонған шаңырақ деп білеміз.

Жаннұр ТӨЛЕНДІҚЫЗЫ

# Жанның нәрі – мейірім

*Қала шетіндегі арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығында қазіргі таңда облыстың түпкір-түпкірінен келген 203 адам қызмет алууда. Олардың арасында 107 зейнеткер мен 96 мүмкіндігі шектеулі жан бар. Тағдыр талкегінен моральдық және физиологиялық соққы алған жандар ерекше күтімді қажет етеді.*

Осы тұста оларды тамақтандыруға апарудан бөлек киіндіру, жуындыру, әжетханаға апару, төсек-орнын жинау, киім-кешегінің тазалығын қадағалау сынды жұмыстарды атқарып жүрген санитарлық қызметкерлердің жұмысы мақтауға тұрарлық. Аталған мекемеде санитарлық қызметкерлер – әйел адамдар. Жай мақтауға ғана емес, биік ілтипатқа барынша лайық жандардың жұмысы шынымен екінің бірінің қолынан келе бермейді. Қызмет алушыларға көмек көрсетіп, жағдайын бақылаудан бөлек гимнаст тазалығы да осы жандардың мойнында. Табиғатынан нәзік болып жаратылған жандарға өздігінен отырып, тұра алмайтын адамдарды қозғалту да оңайға соқпаса тағы белгілі. Десе де, әйел адам еңсермейтін қиындық жоқ-ау... Толағай тәзім мен беріспес қайсарлығының арқасында бесік пен әлемді қатар тербеткен аналар қауымы осынау арда қасиеттерімен аса қастерлі, айрықша сұлу.

Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығының тазалығына жауапты қызметкерлер қатарында Разиля Маханова, Әлия Скалиева, Рамилла Загитова, Замира Көпбаева, Татьяна Бондаренко, Толғанай Абылаева, Жанна Амантаева, Әдемі Сүйінжановалардың еңбегін атап өтпеуге болмас. Олардың қай-қайсы да өз ісіне адал, мол жауапкершілікті, ұжым абыройын бәрінен жоғары қойып, бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып, маңдай терлерін төгіп келеді. Орталық басшылығы да олардың еңбектерін елеусіз қалдырған емес. Биылғы мереке қарсаңында есімі аталған қыз-келіншектердің бірнешеуі «Халық алғысы» медалімен марапатталды.

«Тазалық бар жерде адамның денсаулығы да, көңіл күйі де кемелдене түседі», – дейді Әдемі Сүйінжанова. Ізгі мінезі,



тынбайтын еңбекқорлығы арқасында құрметке кенеліп жүрген ол өзінің тек жалақы үшін ғана жұмыс істемей, қарттардың батасын алатындығына әрдайым іштей қуанып жүреді.

– Қарттармен сөйлесу де бір ганибет. Олардың көбісінің туыстары жоқ. Қартайып, әл-қуаты тайғанда жалғыз қалған жандардың өмірлері тым аянышты әрі күрделі. Мұнда жұмыс істейтін кез келген жан олардың сырласына айналып кетеді. Қарттар терең мұхит іспетті. Олар әрдайым өмірден көрген-білгендерін, көңілге түйгендерін ақтарып, ақыл-кеңестерімен бөліседі. Ішкі сырларын ақтарады. Сондай сәттерде көп нәрсіні көңілге түйіп алуға тырысамын. Аман-есен оянған әр күніме, әр атқан таңыма шүкіршілік етуім қажеттігі еске түседі. Өмірдің сынақ екенін түйсінемін. Жалпы әрбір қызмет алушының өмірінен бір кітап жазуға болады. Сан қилы тағдырлы жандардың көңілін көтеріп, баласындай құрмет көрсетуге барымды саламын, – дейді ол.

Кей сәттерде мінез-құлқы қиын немесе түзету мекемелерінен келген қызмет алушылар былапты сөздер айтып, дауыс көтеретін кездер де болатын көрінеді.

Ондайда үндемей, оларға қарсы қысым жасамай, жай ғана күлім қағып жүре беретінін айтқан Әдемі ханым адамдармен қарым-қатынас жасау арқылы психолог болып кететін кездер де болады деп бір жымнып алды.

Әдемі Сүйінжанова қазақ және орыс тілдерінің мұғалімі мамандықтарын меңгерген. Дегенмен, еңбек жолын осы салада бастапты. Басшылық тарапынан оның қарым-қабілетіне байланысты әлеуметтік педагог болуға да ұсыныс түсіпті. Өз ісін бір жерде тиянақтап істеуді қалайтын әрі өз міндетіне үйренісіп қалған ол бұл ұсынысты қабылдамапты. Сондай-ақ жұмыс істеу тәртібі де өзіне қолайлы екенін жасырмады.

Бүгінде 3 бала тәрбиелеп отырған ана перзенттерінің биіктен көрініп, халқына қалаулы, еліне елеулі, кәсібинде білікті маман атанулары үшін бар күшін салады. Әдемі Сүйінжанова елін сүйген әрбір жан өз ісіне адал болуы міндетті деп санайды. Әдемі сияқты ақ пейілді, кең жүректі жандар барда еліміздің ертені кемелдене түсеріне бізде еш шүбә келтірмейміз.

Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН.

*Жылда газетке жазылу науқаны басталғанда алдыңғылардың легінде тұрақты оқырмандарымыз Жанай Оспанов пен жары Гүлнар Қалтақова келеді. Бірі энергетика, екіншісі қаржы саласында ұзақ жылдар бойы еселі еңбек етіп, зейнетке шыққан олар бүгінде бала-шағасының қызығын көріп, Жезқазған мен Нұр-Сұлтанның жолын таздырып жүр. Қалада көп болмаса да, елдің, жердің жаңалығынан хабардар болып отыру мақсатында «SARYARQA-ға» үзбей жазылады, тұрақты алып тұрады. Оқиды, оқып қана қоймай пікірлерін де ақтарады, жақсылығымызға қуанып, лебіздерін айтып тілекші де болып жүреді.*

8 Наурыз – Халықаралық әйелдер мерекесіне орай газетіміздің жанаширларын да елеусіз қалдырмауды жөн көрдік.

## «SARYARQA-ға» АДАЛ ОҚЫРМАН

1976 жылы Алматыдағы халық шаруашылығы институтын ойдағыдай тәмамдап, жолдамамен Жезқазған облысына келген жас мамандардың қатарында Гүлнар Мұқашқызы да бар еді. Еңбек жолын облыстық сауда басқармасында экономист болып бастаған ол әр жылдары қаржы саласында еселі еңбек етті. Қашанда адалдықтың ауылынан ұзамай, еңбектің наны тәтті болатынын жақсы білді. Қарапайым маманнан бөлім басшысы, облыстық сауда инспекциясының бастығы лауазымдарына дейін көтерілді. Гүлнар Мұқашқызы еңбек жолында жол сілтеген, бағыт-бағдар берген Клавдия Рюмина, Галина Чараева сынды талай жақсының шапағатын көрді. Олар қызмет жолында жас маманның әлеуеті мықты кадрға айналуына үлес қосып қана қоймай, әлеуметтік жағдайының жақсаруына да жол ашты. «Өзім болдым, толдым» дегеннен гөрі, қызмет жолында білікті маман ретінде қалыптасуында жақсылардың шапағаты көп болғанын Гүлнар апа үнемі мақтанышымен айтып отырады. Кейінгі жылдары зейнеткерлікке шыққанға дейін Алма Тағанбайқызы басшылық еткен «Қазақстан Халық Банкі» жинақтаушы зейнетақы қорында он жылға жуық қызмет етті. Еселі еңбек ешқашан ескерусіз қалған емес. Ірілі-ұсақты марапаты бір басына жетіп артылады. Алайда,

қарапайым қалпын жоғалтпаған ол тұтыншылардың сенімін, шынайы алғысын бәрінен жоғары қояды. Мысты шаһарды алтын қазығына айналдырған Гүлнар Мұқашқызы оның қоғамдық өмірінен де тыс қалған емес. Еңбек еткен жылдары қаланың санитарлық ахуалының жақсаруына ат салысып, көгалдандыру жұмыстарына да қатысты. Кентіңдік жағасын қоқыстан арылтып, Талапта картоп, шайыр жинау науқанының бел ортасында жүрді. Қазақтың тұңғыш ғарышкері Токтар Әубәкіровпен кездесуде дидарласқан сәті зейнеткердің кешегідей көз алдында.

Гүлнар апа бүгінде жұбайы Жанай ағамен бірге үш жауқазынын жеткізіп, құтты орнына қондырған. Олардан тараған немерелердің қызығын көріп отыр. «Баланы өскенше, немерені өлгенше бағасың» дегендей елордада кішкентайлардың бабын тауып, қылығын қызықтауға барып тұрады. Қамшының сабындай қысқа ғұмырда абыройлы күн кешіп, адами қалпыңды сақтағанға не жетсін?! Саналы ғұмырын гибратты кешіп, әдемі қартайып келе жатқан зейнеткерлерге қарап көзіңіз тояды. Қашанда жүздерінен нұр төгіліп, мейірім лебі есіп тұрады. Жұбы жазылмаған күйі ғұмырдың бал сәттерін бірге кешіп келеді. Әңгіме сонында Гүлнар Мұқашқызы аналарға, аруларға деген ақ тілегін де ақтарды.

Меруерт НАУРЫЗБАЙ.





**Светлана ЖУМКИНА**  
Филология ғылымдарының кандидаты, доцент

### БІР ӘУЕН

(О. Туссен және Поль де Сенневильдің «Махаббат» туындысы желісінде)

Селт етті сезім, алғандай секем,  
Жүректе жыр бар, әуезі бөтен.  
Бұл әуен, әлде, «Ноктюрн» ба екен?!  
О, Шопен, Шопен!...

Мөп-мөлдір шықтай, тұнайын десем,  
Гүлзарым менің қай жерде екен?!  
Не әуен мені мазалап жүрген?  
«Ай сонатасымен» Бетховен ба екен?!

Бір әуен түгел, бір тағдыр екен,  
Ақжелкен сезім, деймін-ау жетем.  
Сен айтар сөзді әнмен жеткізген,  
Жаныма, бәлкім, жұбаныш па екен?

Ән деген бұл бір ғажайып мекен,  
Қай жаққа екен? Мен сонда кетем!  
«Махаббат» деген әуені бөлек,  
О, ғажап мынау, Сенневиль екен!



**Тойған МҮСТАФАҚЫЗЫ,**  
зейнеткер

### ЖЕТИМ ҚЫЗДЫҢ ЖЫРЫ

Сәби едім толар толмас үштегі,  
Үшке дейін өмірім де күшті еді.  
Анашымның мейірімді құшағы,  
Ғайып болды көргенімдей түстегі.

Көз алдымнан ұшып кетті нар тұлға,  
Кеше ғана мейірімді ана, жан тұрған.  
Намаздауға мәйітінді жібермей,  
Мен бақырып жүгіріпін артыңнан.

Сәби санам сезіп қалды келмесін,  
Енді қайтып саған ғұмыр бермесін.  
Құса болып сағыныштан жүрегім  
Езілгенін ешбір адам көрмесін.

Болсадағы сәби кезім, бал кезім,  
Алданбадым ойынға да қызыққа,  
Сен жарқ етіп шығатындай алдымнан  
Сан барамын сен су алған құдыққа.

Келіп қалдым жетіге де әп сәтте,  
Өзің ертіп апармадың мектепке.  
Сенің орнын жетпей тұрды бәрібір  
Жан жағымнан мол қамқорлық көрсек те.

Талай күндер өтседағы сенбедім,  
Қайтпас сапар кеткеніңе көнбедім.  
Сылап, сипап ақ жейдемді кигізіп,  
Өзің тарап, шашымды өріп бермедім.

Елесіңе сенемін деп ес біткен,  
Қиналғаным белім шықпай бесіктен.  
Жүгірмедім үйге қарай асығып,  
Қуантуға ең алғашқы бестіктен.

Қанша айлар, қанша жылдар өтсе де,  
Санамдасың сол бір жап жас қалпыңмен.  
Ел қатарлы құттықтай да алмадым  
Жылда келген сегізінші мартыңмен.

Құттықтайтын аналарын балалар,  
Бір бірінен сыйлықтарын асырып.  
Қызығамын, қызғанамын амал не,  
Тұратынмын көз жасымды жасырып.

Сәби көңіл қасіретке шыдар ма,  
Үміттенер жаңа бір күн шығарда,  
Берді бір күн ұстазымыз тапсырма  
Жазындар, деп анаң жайлы шығарма.

Не жазайын шығармаға жеткізіп,  
Жан жағымға қарай бердім көз тігіп.  
Шығып кеттім жабдығымды жинап ап,  
Ұстазыма ақ паракты өткізіп.

Ертеңіңе дәптеріңді қарасам,  
Шығармаға қойылмапты екілік.  
Ұстазым кеп, сипап тұрып шашымнан,  
«Мен білмедім, кешір», – делі өтініп.

Сағынумен, іздеуменен өзінді,  
Өтіп жатыр өмір өзен ағылыс.  
Есейсем де, ержетсем де қалмайды,  
Сол кездегі сәби күңгі сағыныш.

Өстім өндім, үлкен болдым жетілдім,  
Бір адамдай тарттым зарын жетімнің.  
Өзім де ана болдым бала өсірген  
Кінә артпаймын, Анашым,  
жоқтығыңды кешірдім.



**Базарқұл ҮМБЕТОВА,**  
журналист

### МАМАНДЫҒЫМ ҚАЛАҒАН

Жақсылықты іздеп жүріп жазатын,  
Кемшілікті түбірімен қазатын  
Мамандықты қаладым деп айтқанда,  
Үнсіз ғана қалып еді анашым.

Ақ қағазға түспей кейде жалғыз сөз,  
Ұйқы қысып тұнжыраса жәудір көз  
Өзім ғана, өзім ғана кінәлі  
Мамандығым кінәлі емес оған еш.

Күндер, жылдар өтіп жатыр сан қилы  
Мамандығым дей алмаймын тым сыйлы  
Түсінбесе жұрттар кейде жанымды,  
Намыс оты! Ет жүрегім сан күйді.

Сондай кезде ішгей ғана қамығам,  
Кейде ұзақ шабыт күтіп сарылам  
Тыныштықты қалап кейде жүрегім,  
Ал кей сәтте жалғыздықтан жалығам.

Мамандығым осы менің қалаған,  
Қалай оны ауыстыра ала алам?!  
Жазған сайын жақын тартып тағдырлар,  
Мейірімді боп елестейді бар адам,  
Мамандығым осы менің қалаған!



**Алмагүл ҮМБЕТОВА,**  
Филология ғылымдарының кандидаты, доцент

### КӨКШЕ ҚЫЗЫНА

(«Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері,  
ардагер ұстаз  
Нүрия ЖҰМАЖАНОВАҒА арнау)

Бақ – еңбекте екенін білсең-ау дағы,  
Қашпастан қиындықтан жүрдің тағы.  
Еңбеккер қалпыңызбен Сізді үлгі етті,  
Алтыншы мөлтек аудан тұрғындары.

Жөн болар мұны ерекше атағаным,  
Халықтан атақ алдың, баға да алдың.  
Білімменен ұшпаққа шығардыңыз,  
Ұрпағын қарсақбайлық аталардың.

Бәрін де бөліп-жармай тең көресіз,  
Тамсанып сырлы сөзге оң бересіз.  
Жаманға үндемейсіз Жұмбақтастай,  
Жақсыға Сексенкөлейді тербелесіз.

Ұлдары – ұлан, қыздары – қырмызы ма?  
Қол созған биіктегі жұлдызына.  
Жезқазған, жұмақ мекен риза шығар,  
Атығай – Қарауылдың бір қызына!



**Арлак ТОЙЛЫБАЕВА**  
жас ақын

### АНАМА

Жылы жүзі-жанға дәру, жұмбақ ем,  
Қабак шытса құлазиды күллі әлем.  
Әлдиі мен «айналайын» дегенін,  
Мүмкін болса, өлгенімше тыңдар ем.

Бүгін қалып одан сыр жоқ жасырар,  
Күйзелісте ақылмен басылам.  
Әңгімемен бойға балдай даритын,  
Тәтті шайын ішкенімше асығам.

Перзентінің шын тілекші бағына,  
Болат-шымдай төзіміне табынам.  
Жырақтасам күңкілі де қымбат боп,  
Оқтау ұстап ұрысқанын сағынам.

Сәтсіздікте сүйеу болып қолдаған,  
Сенім артпай қалған сәтгі болмаған.  
Таусылмайтын мейірімге тәтті боп,  
Таңданамын, таңдай қағам, толғанам.

Оған дара орын тапқан жұмыр ет,  
Ең алғашқы махаббат деп ұғып ек.  
Табаны асты – жұмақ, өзі – періште,  
Аман болсын «Ана» деген күдірет.



**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**  
жас ақын

### АДАМҒА СЫР

Ғұмырдың әні не, мәні не?  
Жо-жо-жоқ, жауабы әріде,  
Қайтеміз қатырып бас бұған,  
Қол сілтей салайық бәріне.

Біздегі мінезде мұң, кайғы,  
Сеніммен сыйластық орнайды.  
Бес күндік десек те ғұмырдан  
Баз кеше беруге болмайды.

Айтады күн нені, ай нені,  
Екпіндеп өмірдің жай лебі  
Келе ме, етейік бір амал,  
Тілейік, құбыла қайда еді?

Күн суыр, көңілдер жылысын,  
Салқының, соныңмен ұлысын.  
Іштарлар күйіктен өргенсін,  
Болайық бақытты, құрысын!

Жанымның жанталас кеш күйін,  
Сезімге түк те жоқ еш қиын.  
Сақтайық қымбатын жүректің,  
Құны жоқ өмірде бес тиын.

## Көшесі де, пейілі де таза ару

«Әйел қырық шырақты» дейді дана халқымыз. Расында да қиындығы мен қызығы қатар жүретін ғұмырда нәзіктік пен қайсарлықты тең ұштастыра білген жандар жетерлік. Бүгінгі қыз-келіншектер ғұмыры отбасы, ошақ қасында ғана шырайлы емес, олардың қоғамның қай саласында да бәсі биік. Маңдай тер, адал еңбегімен нәпақа тауып, ел алғысына бөленген жандардың бірі – Наталья МЕЦ.



Таң атқаннан жаздың аптап ыстығына қарамай қаланы кокыстан арылтып, қыстың бет қаратпас боранды-дауылды, саршұнақ аязды күндерінде қар күреп жүретін сары желеткелі жандарды күнде көзіміз шалады. Дегенмен біз оларды байқауға, олардың еңбегін бағалауға айтарлықтай құлық таныта қоймаймыз. Классикалық киім киіп, қолына қалам мен қағаз ұстап отырғандардың алдында құрақ ұшып, қалғандарын көзге ілмейтіндер мен өзін олардан жоғары санап, мұрын шүйіре көз тастайтындар да баршылық.

Қандай болса да сіздің қарапайым адамдарға деген құрметіңізден адамдық деңгейіңіз бен кісілік келбетіңізді анық байқауға болады. Қоғамда барлық мамандар мен жұмысшылардың өзіндік алар орны бар. Мысалы, көше тазаланбай, қар күрелмей жатса қалай болар еді?!

Қала тазалығына, көшелердің тып-тиянақты болып, жайнап тұруына Наталья ханымның қосқан үлесі мол. 1976 жылы дүние есігін ашқан ол еңбекке жарағалы ары мен көзін сатып емес, еңбегін пұлдап өмір сүруді мақсат еткен. Оның көше сыпырушы болып еңбек етіп жүргеніне биыл 26 жыл болды. Бір

адамның ғұмыры. Көше сыпырудан арланып, масыл болуға қысылмайтындар мен біреудің обалына қалып, ұрлық-қарлықпен, парамен күн кешетіндердің жанында Натальяның еңбегі мақтауға лайық.

Бүгінде бір қыз өсіріп, оны күтты орнына қондырған ол «әже» деген аяулы есімді иелініп отыр. «Ана» деген асқақ атты абыроймен атқарып, отбасының дінгегі болған Наталья өзі жұмыс атқаратын зағип жандардан құралған мекемеде де, дос-жаран, туыс-туған арасында да айрықша құрметке ие.

Наталья ханыммен әңгімелесу барысында оның бойынан Отаны-

мызға, туған қаласы Жезқазғанға деген ыстық сүйіспеншілікті байқадық.

– Өзге елдерде болып жатқан көз алартулар мен қиын-кескі ұрыстарды көріп, жүрегім ауырады. Мен – әрқашан татулық пен ауызбіршілікті бірінші орынға қоютын жанмын. Қазақстанды шын сүйемін. Бұл жерде ұлтқа бөліну дегенді кездестірмедім, өзге этностарға деген құрмет айрықша. Осы ынтымағымз мәңгі болса екен деп тілеймін. Әлемде соғыс болмауын, аналар мен балалардың қоңілі тыныш болып, бейбіт аспан астында ғұмыр кешулерін қалаймын! – деген ол алда келе жатқан 8 наурыз Халықаралық әйелдер мерекесімен барлық аналар мен қыздар қауымын құттықтап, зор денсаулық пен әйел бақытын тіледі.

Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН

# ҚАУІПСІЗДІК БАСТЫ НАЗАРДА

**Қазіргі өркениетті қоғамның басты міндеті – жас ұрпақтың өміріне төнетін қауіп-қатердің алдын алу болып табылады. Сондай қауіп-қатердің бірі жолда жүргенде төнеді. Сондықтан, жолда жүру ережелеріне үлкен көңіл бөлінуде.**

Статистикаға сүйенсек, өкінішке орай жол апаттары, оның ішінде жаяу жүргіншінің жол ережесін бұзу фактілерінен болған жол – көлік оқиғалары көп тіркеледі. Көп жағдайда балалар жолда жарақат алып, түрлі жағдайға ұшырап жататыны көлік жүргізушілерінің ғана кінәсінен емес, ол көбінесе балалардың жол жүру ережесін білмегендіктен болады. Олар көбіне ереже талабын бұзып, асығыстық жасап, жүгіріп өтуге ұмтылады. Балаларға жолда жүру ережелерін үйретіп, үнемі оған үлгі көрсетіп және жүріс-тұрысын қадағалап,

балаларды көшеде болатын қауіпті жағдайлардан сақтандыру әрбір ата-ананың және ұйымдардың міндеті. Осыған байланысты «Жолдағы балалардың қауіпсіздігі» жедел алдын алу іс-шарасы аясында Сәтбаев қаласының полиция бөлімі «Азбука безопасности» атты балалар сурет байқауын ұйымдастырған болатын, байқауға Сәтбаев қаласындағы жалпы білім беретін орта мектептердің оқушыларымен қатар балабақша бұланды. Балаларға жолда жүру ережелері қатысты. Жалпы байқауға 62-ден астам сурет жолданды. Соның ішінде балалар мен жасөспірімдер



кітапханасының тұрақты оқырмандары және «Жас қыран» клубының мүшелері №7 мектептің 9 «Б» сынып оқушысы Н. Кендебай, №16 мектептің 9 «В» сынып оқушысы А. Шаяхмет қатысып дипломмен және сыйлықпен марапатталды.

**М. ҮРПШ,  
Сәтбаев қаласының  
балалар мен  
жасөспірімдер  
кітапханасының әдіскері**

## Кенжеболат Махмұтұлы ЖОЛДЫБАЙ

2022 жылдың 28 ақпанында 71 жасқа қараған шағында саясаттанушы, публицист, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, «Құрмет» орденінің иегері **Кенжеболат Махмұтұлы ЖОЛДЫБАЙ** өмірден өтті.

Кенжеболат Махмұтұлы – халық есінде өресі биік, өнегесі мол, абыройлы істерімен халқының сый-құрметіне бөленген жан. Іскерлігімен, қайсарлығымен, қарым-қабілетімен барлық салада абыройлы қызмет атқарып, артына із қалдырған абзал тұлға. Бар күш-жігерін егеменді еліміздің өркендеуіне арнаған, оның дамуында өзіндік қолтаңбасын қалдырған ардақты тұлғаның елге деген жанашырлығы үнемі сезіліп тұратын.

Кенжеболат Махмұтұлы Жезқазған қаласы мемлекеттік архивінің ірі қор жинақтаушысының бірі. Бұл кісінің құжаттары мемлекеттік сақтауға алғаш рет 1997 жылы қабылданып, қазіргі уақытта 1963-2019 жылдар аралығын құрайтын 409 сақтау бірлігі болып топтастырылған. К. Жолдыбайдың құжаттарында Қазақстан дипломатиясының пәрменді қадамдары, республикамызда парламентаризмнің дамуы, ұлттық сананың қайта түлеуі, еліміздің мәдени-рухани жаңғыруы туралы тың мәліметтер бар. Құжаттары тәуелсіз Қазақстанның құрылуы, қалыптасуы және даму жылдарының шежіресі деуге болады. Тіл, дін, мәдениет, туған жер, экономика, саясат, т.б. бағыттар бойынша және қор жинақтаушының жалпы шығармашылығы мен қызмет бабы туралы бай дүниелердің барлығы табылады. Құжаттарының тағы бір ерекше құндылығы, көбінесе ел тарихы Жезқазғанмен, «Қазақмыс» корпорациясының тыныс-тіршілігімен, өсу-өркендеу жолымен тығыз бірлікте баяндалады. Сондықтан бұл қордағы құжаттардың қашан да қажеттілігі басым болары сөзсіз. Олар ғалымдар, зерттеушілер, журналистер, студенттер, оқушылар, жалпы көпшілік үшін пайдалы дерек көздері бола отырып, қажеттілігін өтеуге үлкен септігін тигізеді. Оның өнегелі өмір жолы жас ұрпаққа қашан да үлгі. Елге келген сайын, міндетті түрде екі-үш бума құжаттарын ала келіп, архивке соғуды әдетіне айналдырып, жыл сайын жаңа, тың дүниелерімен қорын толықтырып отырған. Еліне елеулі еңбегімен танылған қазыналы ағамыздың жарқын бейнесі, өр рухы, ордалы ойлары ол кісінің жеке тектік қорындағы құнды құжаттары арқылы мәңгілік елдің ұрпақтарына үлгі-өнеге болары даусыз.



Ол кісінің есімі мен ерен еңбегі, жарқын бейнесі жүректерде мәңгі сақталатын болады. Отбасына, артында қалған ұрпағына, туған-туысқандарына, мысты өңір халқына қайғыларына ортақтаса отырып, көңіл айтамыз. Артыңызда қалған ұрпақтарыңызға өзіңіздей абзалдық тілейміз.

**Жезқазған қаласы  
мемлекеттік архивінің ұжымы**

# Шынайы көңіл

Шымылдықтың шетіндегі саңылаудан сығалай түскен күн сәулесі күйктай ғана бөлменің ішін жап-жарық қып, керуеетте қаннен қаперсіз ұйықтап жатқан жігіттің бетін қыздыра түсті. Тәтті ұйқыға берілгені сонша, мұны сезіп жатқан жігіт жоқ. Кенет, жаман түс көріп, шошып оянған жандай орнынан оқыс атып тұрды. Тұрды да бірден қабырғада өз бетінше тықылдап уақыт санап тұрған сағатқа қарады. 12-ге жақындап қалған оның тілін көрген бұл жалма-жан киіне бастады. Бұлай асығуының себебі де бар. Бүгін – 8 наурыз. Бұл болса кеше кеште қыла қарап, қимай қаштасқан гашығына бір құшақ гүлмен келемін деп уәде еткен еді. Сатып ала қойып десе жалдамалы пөтердің ақысын төлеймін деп қалтасындағы бар тиыннан қағылған. Қыр-сыққанда дәл бүгін ұйықтап қалмасы бар ма. Базарға келіп, қолына арбасын сүйретіп, олай-бұлай жүргенімен мардымды жұмыс болмады. Әрине, бұл

тәтті ұйқының күш ағында жатқанда саудагерлердің бәрі арбамен таситындарын тасытып, саудаға әлдеқашан шығып кеткен. Не керек кешке дейін жүріп тапқан нәпақасы гүлдің құнының жартысына да жетпеді. Не қызға не үйіне барарын білмей, басы қатып саябақтан өтіп бара жатқаны сол еді, көзі аңадайда жатқан бір құшақ гүлге түсті. Көктен тілегені жерден табылғанына қуанған ол, жүгіп барып қолына алғанда гүлдің шеттері сәл солғын тартқанын байқады. Бірақ гүлдің сыртқы келбетінің маңыздылығына емес, оның барына қуанған жігіт асыға



ғашығының үйіне қарай аяңдады. Есікті ашып бұған күлімсірей қараған қызға құшақ гүлді ұсынғаны сол еді «Ең болмаса жөні түзу гүл алуға ақшаң жетпеді ме?» деген ару түсін бірден өзгертіп, есікті тарс жапты. Есіктің ар жағында өзінше бұландан ару гүлдің солғанына мән бергенімен, көңілдің шынайы екенін ескерген де жоқ. Бүгінгі күніне налып, аяғын ақырын басып үйіне көңілсіз беттеген жігітті түсте өзін қызумен оятқан күн қыздың қылығына ұялғандай қып-қызыл болып ұясына бағып бара жатты.

**Жаннұр ТӨЛЕНДІҚЫЗЫ**

# ҰМЫТЫЛМАЙТЫН СЫЙЛЫҚ

8 наурыз. Айдар үйінен шығып, Сәкеннің есігін қақты. Екеуінің келісімі бойынша бүгін бірігіп әйелдеріне мәңгі ұмытылмастай сыйлық жасау жайын ақылдаспақшы. Сәкен көрші құрдасын дастарқан жайып қарсы алды.

– Бүгін мереке ғой, жуу керек, – деді Сәкен ортаға бір шөлмекті қойып жатты.

– Дұрыс айтасын, жүз грамнан алып қояйық, – онсыз да тыпырышып тұрған Айдоос бірден келісе кетті. Сонымен сыйлық басы осылай басталды. Біраз отырып қызғаннан кейін әңгіме әйел тақырыбына ойысты.

– Дүниеде өз әйеліңнен артық жан жоқ. Бұл сөзді айтқан Айдар еді. Әйелің жақсы көретіндігін мақтау сөзбен дәлелдегендігі бұл.

– Дұрыс айтасын-ау, бірақ, бұлар жыл өткен сайын асқақтап барады, – деген көршісі әйелдерге өкпесі бар жандай келіспеген сыңай танытты.

– Не оған қарсымысың?

– Әрине, неге еркектер тұрғанда әйелдер жоғары болу керек? Неге мемлекет ісіне араласады? «Ақырзаманда

қатын би болады» деген, сірә, сол ақырзаманның таянған шығар.

– Жоқ, мен саған қарсымын. Себебі, бізді асырап жатқан әйелдер. Өзің қарашы, сенде де, менде де жұмыс жоқ. Ал, екеуіміздің әйеліміз қыста суық пен аязға, жаз болса ыстыққа шыдап базарда тұрып бізді асырайды.

– Ей, қойшы соларды, қолын бір сілтеді. Одан да алып қояйық. Сонымен екеуі тағы ішті. Ішті де дауға қайта оралды.

– Е, сен сонымен бізді асырап отырған әйел дедің бе? – Сәкен көзі ежірейіп көршісіне қарады. Жүзінде бағанағы қонжайлылықтың бір тамшысы да қалмаған. Өктем дауыспен сөзін жалғасты.

– Кезінде біз де асырадық. Енді олар бізді асырасын. Осыдан жұмыс істемесін, үйден қуып шығамын.

– Ту, сен не деп кеттің? Әйел деген ана емес пе? Олардың міндеті басқа,

оларды аялау, құрметтеу, асырау – біздің міндетіміз. Ал, біздің отырысымыз болса мынау. Жетер, мас болмай тұрғанда үйге барып, тым болмаса бүгінгі күнге мерекелік ас дайындап қояйын, – деп Айдар кетуге ыңғайланды.

– Сен неғып қатынжанды болып кеткенсің? Шықпайсың ешқайда, тағы ішеміз. Сәкен екінші шөлмекті ашуға кірісті.

– Жоқ, керек емес. Дәл бүгін осы ащы суды қоя тұрайық.

– Сен не, мені мас деп тұрмысың? – деді де Сәкен Айдарды жағадан ала кетті. Апыр-топыр... Үстел құлап, ыдыс сынды, екеуінің де көзі көгерді.

Мерекеді біраз заттары өтіп, қалталарына қомақты қаржы түскеніне марқайып, жүздеріне қуаныш үйіріліп, үйлеріне асығып келе жатқан екі әйелді осындай ұмытылмастай сыйлық күтіп тұрған еді...

**Жаннұр ТӨЛЕНДІҚЫЗЫ**

## Виктор Михайлович МАРСЮКОВ



Жезқазған қаласы Қорғаныс істері жөніндегі басқармасының ардагерлер ұйымдары 2022 жылдың 25 ақпанында 75 жасында отставкадағы подполковник **Виктор Михайлович МАРСЮКОВТЫҢ** қайтыс болғанын өкінішпен хабарлаймыз.

Виктор Михайлович Марсюков 1947 жылы 13 қазан күні Рязань облысында дүниеге келген. 1966 жылдан Қарулы Күштер қатарында. 1967 жылы сәуірде Мәскеудегі КСРО Аза-

маттық қорғаныс әскери училищесіне оқуға түсті. Взвод командирі, рота командирінің техникалық мәселелер жөніндегі орынбасары, артиллериялық техника бастығы, инженерлік қызмет бастығы, азаматтық қорғаныс бастығының орынбасары қызметтерін атқарды. Жезқазған облысы бойынша жедел бөлім бастығы, аппарат бастығының орынбасары қызметтерін атқарған.

Қызметі кезінде 1, 2, 3 дәрежелі «Мінсіз қызметі үшін» медальдарымен, жауынгерлік және саяси дайындықтағы жетістіктері үшін «Әскери қызметі үшін» медалімен марапатталған.

Виктор Михайлович Қарулы Күштер қатарынан босатылғаннан кейін Қарулы Күштермен тығыз байланыста болды, бай тәжірибе жинақтады, кейін оны оқытушылық қызметте жіемісті пайдаланды, белсенді өмір салтын ұстанды, ардагерлер қозғалысына қатысты. Марқұм Дмитрий Ивановичтің отбасы мен жақындарына көңіл айтамыз.

Дмитрий Ивановичтің жарқын бейнесі әріптестерінің, ардагерлердің, әскери қызметкерлердің жадында мәңгі сақталады.

### ЖАРАМСЫЗ ДЕП ТАБЫЛАДЫ

Ержан Қайратович Досановтың атына берілген Анненск кеніші «КТС Ю» ЖШС рұқсат қағазы жоғалуына байланысты **жарамсыз деп табылады.**

### ЖАРАМСЫЗ ДЕП ТАБЫЛАДЫ

Индиря Бахытбековна Адырбекованың (21.03.1984 ж. т.) ЖСН 840321450796, жеке куәлік №022596936 атына берілген тегін жол жүру билетінің жоғалуына байланысты **жарамсыз деп табылады.**

Жезқазған қаласы ардагерлер кеңесінің ұжымы Қарағанды облысының Құрметті азаматы, кенесіміздің құрметті мүшесі, елдің шынайы жанашыры **Мұзараф Аханұлы АХАНОВТЫҢ** дүниеден озуына байланысты ардагер ұстаз, Мүзекенің жан жары Шабал Бейсенбекқызына, балаларына қайғырып көңіл айтады.

«Ұлытау Алтын Мұрасы» қоғамдық қорының төрағасы, профессор, экономика ғылымдарының докторы Алшанов Рахман Алшанұлы және қор мүшелері белгілі қоғам қайраткері, журналистика саласының майталманы, туған жері Ұлытаудың ұлылығын бойына сіңірген ардақты азамат **Кенжеболат Махмұтұлы ЖОЛДЫБАЙДЫҢ** қайтыс болуына байланысты отбасы мен туыс-туғандарына қайғырып көңіл айтады.

Аймақтық «SARYARQA» газетінің ұжымы саясаттанушы, публицист, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, «Құрмет» орденінің иегері **Кенжеболат Махмұтұлы ЖОЛДЫБАЙДЫҢ** дүниеден озуына байланысты отбасына, туған-туысқандарына қайғырып көңіл айтады.

## ХАБАРЛАНДЫРУ

Жезқазған қалалық мемлекеттік өртке қарсы қызметі 18-35 жас аралығындағы өрт сөндірушілер мен С1, С санатты жүргізушілерді жұмысқа қабылдайды. Орта арнаулы білімі және әскери қызметке жарамды болуы керек.

**Мекенжайымыз: Жезқазған қаласы,  
Абай көшесі, 132.  
Байланыс телефоны: 8 705 762 83 86.**



**ДҮЙСЕНБІ 7 НАУРЫЗ**

**QAZAQSTAN**  
6:05 «Másele». 6:45 «Жан анам». Мерекелік концерт. 8:15 «Күлбик». К/ф. 10:00 «Дениз». Т/х. 12:00 «Моана». 13:35 «Ұлы дала комедиясы». К/ф. 15:15 «Асыл ана». Сәкен Майғазиевтің концерті. 17:10 «Әйел әлемі». 18:00 «Дениз». Т/х. 20:00 «Атаи». Димаш Құдайбергннің концерті (Астана). 22:30 «Өмір ызғары». Т/х. 23:30 «Анаға апарар жол». К/ф. 1:35 «Әйел әлемі». 2:25 «Көңіл толқыны».

**ХАБАР**

5:00 Т/с. «Шестой пост». 7:00 «Таңғы хабар». 10:00 Кино. «В поисках мамы 2: Новые приключения». 11:30 «Ән әлемі». Айгүл Иманбаева.

**СЕЙСЕНБІ 8 НАУРЫЗ**

**QAZAQSTAN**  
**ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӘЙЕЛДЕР КҮНІ**  
6:05 «Қазақ даласының құпиялары». Д/ф. 6:25 «Көктем шақырады». Роза Рымбаеваның концерті. 7:45 «Тақиялы періште». К/ф. 9:20 «Дәуір даналары». Д/ф. 10:00 «Дениз». Т/х. 12:00 «Аналар». Мерекелік хабар. 12:50 «Әлемнің жарығы». Мерекелік концерт. 14:00«Күлшеқыз 3». М/ф. 15:10 «Құс қанат гүмбір». Мерекелік концерт. 16:50 «Әйел әлемі». Мерекелік жоба. 18:00 «Дениз». Т/х. 20:00 «Жан анам». Мерекелік концерт. 22:30 «Домалақ ана». Т/х. 0:05 «Әйел әлемі». Мерекелік жоба. 1:10 «Көңіл толқыны». 1:50 Футбол. УЕФА Чемпиондар Лигасы. «Ливерпуль» (Англия) – «Интер» (Италия).

**СӘРСЕНБІ 9 НАУРЫЗ**

**QAZAQSTAN**  
6:05 «Қазақ даласының құпиялары». Д/ф. 6:25 «Көңіл толқыны».7:00 «Тапsholpan». 10:00 Ақпарат. 10:10 «Дениз». Т/х. 12:00 «Ауыл мұғалімі». Т/х. 13:00 Ақпарат. 13:10 «Қызық екен...». 13:50 «Теледәрігер». 15:00 Ақпарат. 15:15 «Тұлға». Д/ф. 15:40 «Қазақтар». Д/ф. 16:10 «Күйеу бала». Т/х. 17:00 Ақпарат. 17:15 «Қызық екен...». 18:00 «Дениз». Т/х. 20:00 Ақпарат. 20:35 «Ashyq алаһ». 21:30 «Ауыл мұғалімі». Т/х. 22:30 «Өмір ызғары». Т/х. 23:35 Футбол. УЕФА Еуропа лигасы. «Порту» (Португалия) – «Лион» (Франция). 1:50 Футбол. УЕФА Чемпиондар Лигасы. «Реал Мадрид» (Испания) – ПСЖ (Франция)..

**ХАБАР**

5:00 Т/с. 7:00 «Таңғы хабар». 10:00 Мегакхит.

**БЕЙСЕНБІ 10 НАУРЫЗ**

**QAZAQSTAN**  
6:05 «Қазақ даласының құпиялары». Д/ф. 6:25 Ақпарат. 7:00 «Тапsholpan». 10:00 Ақпарат. 10:10 «Дениз». Т/х. 12:00 «Ауыл мұғалімі». Т/х. 13:00 Ақпарат. 13:10 «Қызық екен...». 13:50 «Теледәрігер». 15:00 Ақпарат. 15:15 «Ұлы дала ұлағаты». Д/ф. 15:40 «Ауылдастар». 16:10 «Күйеу бала». Т/х. 17:00 Ақпарат. 17:15 «Қызық екен...». 18:00 «Дениз». Т/х. 20:00 Ақпарат. 20:35 «Ashyq алаһ». 21:30 «Ауыл мұғалімі». Т/х. 22:30 «Өмір ызғары». Т/х. 23:35 «Күйеу бала». Т/х. 0:25 Ақпарат. 1:00 «Ashyq алаһ». 1:50 Футбол. УЕФА Еуропа лигасы. «Барселона» (Испания) – «Галатасарай» (Турция).

**ХАБАР**

5:00 Т/с. 7:00 «Таңғы хабар». 10:00 Мегакхит.

**ЖҰМА 11 НАУРЫЗ**

**QAZAQSTAN**  
6:05 «Қазақ даласының құпиялары». Д/ф. 6:25 Ақпарат. 7:00 «Тапsholpan». 10:00 Ақпарат. 10:10 «Дениз». Т/х. 12:00 «Ауыл мұғалімі». Т/х. 13:00 Ақпарат. 13:10 «Қызық екен...». 13:50 «Теледәрігер». 15:00 Ақпарат. 15:15 «Шаңырақ». 15:40 «Ауылдастар». 16:10 «Күйеу бала». Т/х. 17:00 Ақпарат. 17:15 «Қызық екен...». 18:00 «Дениз». Т/х. 20:00 Ақпарат. 20:35 «Ashyq алаһ». 21:30 «Ауыл мұғалімі». Т/х. 22:30 «Өмір ызғары». Т/х. 23:30 «Күйеу бала». Т/х. 0:20 «Parasat maidany». 0:50 Ақпарат. 1:25 «Ashyq алаһ». 2:15 «Теледәрігер».

**ХАБАР**

5:00 Т/с. 7:00 «Таңғы хабар». 10:00 Мегакхит. 12:00 Т/х. «Бәсеке». 12:30 Т/х. «Тағдыр тарту».

**СЕНБІ 12 НАУРЫЗ**

**QAZAQSTAN**  
6:05 «Қазақ даласының құпиялары». Д/ф. 6:25 Ақпарат. 7:00 «Талрун». 7:35 «Дәуір даналары». Д/ф. 8:25 «Әйел әлемі». 9:00 «Теледәрігер». 10:00 «Дениз». Т/х. 12:00 «Аңдар шаһары». М/ф. 13:40 «Аманат». К/ф. 16:00 «Достығмыз жарасқан». Концерт. 18:00 «Дениз». Т/х. 20:00 Ақпарат. 20:20 «Másele». 21:00 «Мен қазақтың» Қуандық Рахымның концерті. 22:50 «Өмір ызғары». Т/х. 23:50 «Qazaqstan дауысы». 1:50 Ақпарат. 2:10 «Másele».

**ХАБАР**

5:00 Т/с. 7:00 Т/с. «Жібек». 9:00 «Өзін-өзі тану».

**ЖЕКСЕНБІ 13 НАУРЫЗ**

**QAZAQSTAN**  
6:05 «Қазақ даласының құпиялары». Д/ф. 6:30 «Күміс көмей». 7:15 «Дәуір даналары». Д/ф. 8:00 «Ақсауыт». 8:25 «Аңдар шаһары». М/ф. 10:00 «Дениз». Т/х. 12:00 «Айтыс». 13:00 «Ең сұлу». К/ф. 14:30 «Әнім сен едің...». Шәмші Қалдаяқовтың шығармашылығына арналған кеш. 15:00«Монстрлар университеті». М/ф. 17:20 «Әйел әлемі». 18:00 «Дениз». Т/х. 20:00 «Арта». 20:50 «Жүзден жүйрік». 22:20 «Өмір ызғары». Т/х. 23:20 «Qazaqstan дауысы». 1:55 «Арта». 2:45 «Ақсауыт».

**ХАБАР**

5:00 Т/с. 7:00 Т/с. «Жібек». 9:00 «Самопозна-

ва. 12:30 Т/х. «Тағдыр тартуы». 15:00 «Тайны. Судьбы. Имена». Роза Бағланова. 16:00 Т/х марафоны. «Бұл-бұл». 19:00 Кино. 21:00 Концерт. Мейрамбек Беспаев. 22:30 «Түнгі хабар». 0:00 «Әлемлік әлемі» мерекелік концерті.

**АСТАНА**

06:00 «Белгісіз жан». 06:50 «Домашние войны» сериал. 07:20 «Маша и медведь» М/ф. 09:20 «Қарындасым, қарлығашым». 11:30 «Қызым». 12:30 «Қара ниет». 13:30 «Қызық болған». 14:30 «Жемжужина дворца». 16:00 «Келинка Сабина 2» Х/ф. 18:00 Алдараспан. 21:00 «Қара ниет». 22:00 «Қарындасым, қарлығашым». 23:40 «Сарай жауһары». 01:00 «Я жених» х/ф. 02:30 Жұлдыздар айттысады. 05:00 «Хон Гиль Дон».

**ХАБАР**

5:00 Мегакхит. «Львица». 7:00 «Таңғы хабар». 10:00 «Ән әлемі». «Жігіттер» тобы. 10:30 «Тарих. Тағдыр. Тұлға». Әмина Өмірзақова. 11:30 Кино. «Тақиялы періште». 13:15 Кино. «Томирис». 16:00 Т/х марафоны. «Бұл-бұл». 19:00 Кино. 21:00 Концерт. «Музарт» тобы. 22:30 «Түнгі хабар». 0:00 Концерт. «Жан анам».

**АСТАНА**

06:00 «Белгісіз жан». 06:50 «Домашние войны» сериал. 07:20 «Маша и медведь» М/ф. 09:20 «Қарындасым, қарлығашым». 11:30 «Қызым». 12:30 «Қара ниет». 13:30 Айтарым бар. 14:30 «Жемжужина дворца». 16:00 «Я жених» х/ф. 18:00 Алдараспан. 21:00 «Қара ниет». 22:00 «Қарындасым, қарлығашым». 23:40 «Сарай жауһары». 01:00 «Сулейман Султан». 02:10 «1001

12:00 Т/х. «Бәсеке». 12:30 Т/х. «Тағдыр тартуы». 14:15 Т/х. 15:00 «Бүгін». 16:00 Т/с. 18:00 Мегакхит. 20:00 Қорығанды жаңалықтар. 20:30 «Народный контроль». 21:00 Итоги дня. 21:30 Т/х. «Келіпжан 3». 22:30 «Түнгі хабар». 0:00 «Біреудің есебінен».

**АСТАНА**

06:00 «Белгісіз жан». 06:50 «Домашние войны» сериал. 07:20 «Маша и медведь» М/ф. 09:20 «Қарындасым, қарлығашым». 11:30 «Қызым». 12:30 «Қара ниет». 13:30 Айтарым бар. 14:30 «Жемжужина дворца». 16:00 «103» Комедийный сериал. 17:10 «Ой мен ойын». 18:00 «Фазилет ханым». 19:00 «Енен». 20:00 Astana times. 21:00 «Қара ниет». 22:00 «Қарындасым, қарлығашым». 23:40 «Сарай жауһары». 01:00 «Сулейман Султан». 01:50 «1001 түн». 02:30 Astana times повтор. 03:30 «Айтарым бар». 04:20 Үздік әзілдер. 05:00 «Хон Гиль Дон».

12:00 Т/х. «Бәсеке». 12:30 Т/х. «Тағдыр тартуы». 15:00 «Большая неделя». 16:00 Т/с. 18:00 Мегакхит. 20:00 Қорығанды жаңалықтар. 20:30 «Үкімет». 21:00 Итоги дня. 21:30 Т/х. «Ән-аға». 22:30 «Түнгі хабар». 0:00 «Біреудің есебінен».

**АСТАНА**

06:00 «Белгісіз жан». 06:50 «Домашние войны» сериал. 07:20 «Маша и медведь» М/ф. 09:20 «Қарындасым, қарлығашым». 11:30 «Қызым». 12:30 «Қара ниет». 13:30 «Айтарым бар». 14:30 «Жемжужина дворца». 16:00«103» Комедийный сериал. 17:10«Ой мен ойын». 18:00 «Фазилет ханым». 19:00«Енен». 20:00 Astana times. 21:00 «Қара ниет». 22:00 «Қарындасым, қарлығашым». 23:40 «Сарай жауһары». 01:00 «Сулейман Султан». 01:50 «1001 түн». 02:30 Astana times повтор. 03:30 «Айтарым бар». 04:20 Үздік әзілдер. 05:00 «Хон Гиль Дон».

туы». 15:00 «Бүгін». 16:00 Т/х. 18:00 Мегакхит. 19:30 «Үкімет». 20:00 Қорығанды жаңалықтар. 20:30 Д/ф. «Трагический январь. Бандформирования». 21:00 Итоги дня. 21:30 Т/х. «Ән-аға». 22:30 «Түнгі хабар». 0:00 «Біреудің есебінен».

**АСТАНА**

06:00 «Белгісіз жан». 06:50 «Домашние войны» сериал. 07:20 «Маша и медведь» М/ф. 09:20 «Қарындасым, қарлығашым». 11:30 «Қызым». 12:30 «Қара ниет». 13:30 «Айтарым бар». 14:30 «Жемжужина дворца». 16:00«103» Комедийный сериал. 17:10«Ой мен ойын». 18:00 «Фазилет ханым». 19:00«Енен». 20:00 Astana times. 21:00 «Қара ниет». 22:00 «Қарындасым, қарлығашым». 23:40 «Сарай жауһары». 01:00 «Сулейман Султан». 01:50 «1001 түн». 02:30 Astana times повтор. 03:30 «Айтарым бар». 04:20 Үздік әзілдер. 05:00 «Хон Гиль Дон».

9:15 «XXI ғасыр көшбасшысы». 10:15 «Сенат ақсақалов». 11:00 Кино. 13:00 Т/х марафоны. 16:00 Т/с. 19:15 «Маска». 21:00 «7 күн». 22:00 Кино. 23:30 Discovery. Сквозь червоточину с Морганом Фрименом. 0:30 Әсем әуен.

**АСТАНА**

06:00 «Белгісіз жан». 06:50 «Домашние войны» сериал. 07:20 «Маша и медведь» М/ф. 09:20 «Қарындасым, қарлығашым». 11:30 «Қызым». 12:30 «Қара ниет». 13:30 «Жұлдыздар айттысады». 16:25 «103» Комедийный сериал. 20:00«Астана кеші көңілді». 21:00 «Қара ниет». 22:00 «Қарындасым, қарлығашым». 23:40 «Рэкетир» Х/ф. 01:30 «Сулейман Султан». 02:50 «Астана кеші көңілді». 03:20«Үздік әзілдер».

ние». 9:15 «XXI ғасыр көшбасшысы». 10:15 «Сенат ақсақалов». 11:00 Кино. 12:45 Т/х марафоны. 14:15 «Маска». 16:00 Т/с. 18:00 Мегакхит. 20:00 «Хит жазамыз». 21:00 «7 күн». 22:00 «Большая неделя». 23:30 Discovery. Сквозь червоточину с Морганом Фрименом. 0:30 Әсем әуен.

**АСТАНА**

06:00 «Белгісіз жан». 06:50 «Домашние войны» сериал. 07:20 «Маша и медведь» М/ф. 09:20 «Қарындасым, қарлығашым». 11:30 «Қызым». 12:30 «Қара ниет». 13:30 «Алдараспан». 18:00 «Рэкетир». Х/ф. 20:00 «Астана кеші көңілді». 20:45 «Аялы алақан». 21:00 «Қара ниет». 22:00 «Қарындасым, қарлығашым». 23:40 «Рэкетир 2». Х/ф. 01:30 «Сулейман Султан». 02:50 «Астана кеші көңілді». 03:20 «Аялы алақан». 03:40 «Үздік әзілдер».

**КТК**

07.05 «Мерекелік концерт». 07.30 «Махаббат әлемі». 10.20 «Астарлы ақиқат». 11.10 «Ва-банк», комедия. 13.00 «Тойхана», комедия. 14.40 «Где-то на краю света». 18.30 «Тогжан», т/х. 19.30 «Здравствуй, papa!». 23.20 «Вместе навсегда». 01.10 По ту сторону смерти-2". 02.50 «Махаббат әлемі". 04.00-04.30 «Мерекелік концерт».

**7-АРНА**

06:00 «Қуырдақ». 07:00 Jaidatman. 08:00 «Аналарға әзілдімі арнаймын». 09:00 Х/с «Женский доктор». 10:00 «Гадалка». 10:30 «Хорошие руки». 12:40 «Q-елі». 13:30 «Любовь в большом городе». 15:20 «Женский доктор». 16:20 «Гадалка». 17:30 «Любовь в большом городе

түн». 03:15 Жұлдыздар айттысады. 04:30 Үздік әзілдер. 05:00 «Хон Гиль Дон».

**КТК**

07.05 «Мерекелік концерт». 07.30 «Махаббат әлемі». 09.40 «Астарлы ақиқат». 10.40 «Где-то на краю света". 14.20 «Вместе навсегда". 16.30 «Жить ради любви". 18.30 «Тогжан", т/х. 19.30 «Любовь с ароматом кофе". 23.10 «Вместе навсегда". 01.00 По ту сторону смерти-2". 02.40 «Жить ради любви". 03.30 «Махаббат әлемі". 04.00-04.30 «Мерекелік концерт».

**7-АРНА**

06:00 «Қуырдақ». 07:00 Jaidatman. 08:00 «Аналарға әзілдімі арнаймын». 09:00 Х/с «Женский доктор». 10:00 «Гадалка». 10:30 «Хорошие руки». 12:40 «Q-елі». 13:30 «Любовь в большом городе 2». 15:20 «Женский доктор». 16:20 «Га-

**КТК**

07.05 «Мерекелік концерт". 07.30 «Аманат», өзбек т/х. 09.00 «Адаскан қыз", өзбек т/х. 11.20 «Астарлы ақиқат". 12.20 «По ту сторону смерти-2". 14.30 «Вместе навсегда". 16.30 «Жить ради любви". 18.30 «Тогжан", т/х. 19.30 Кешкі жаңалықтар. 20.00 «Астарлы ақиқат". 21.00 Вечерние новости. 21.40 «Вместе навсегда". 23.45 «По ту сторону смерти-2". 01.40 «Жить ради любви". 02.20 «Адаскан қыз", өзбек т/х. 03.40-04.10 Кешкі жаңалықтар.

**7-АРНА**

06:00 «Қуырдақ». 07:00 Jaidatman. 08:00 «Серт пен сезім». 09:00 «Женский доктор». 10:00 «Гадалка». 10:30 «Хорошие руки». 12:30 «Менің атым Арман». 13:20 «Бастық боламын». 14:20 «Серт пен сезім». 15:20 «Женский доктор». 16:20 «Гадалка». 17:30 «Көзайым». 18:30

**КТК**

07.05 Кешкі жаңалықтар. 07.30 «Аманат», өзбек т/х. 09.00 «Адаскан қыз", өзбек т/х. 10.40 «Астарлы ақиқат". 11.40 Новости. 12.20 «По ту сторону смерти-2". 14.30 «Вместе навсегда". 16.30 «Жить ради любви". 18.30 «Тогжан", т/х. 19.30 Кешкі жаңалықтар. 20.00 «Астарлы ақиқат. Таньсыз танылғандар". 21.00 Вечерние новости. 21.40 «Вместе навсегда". 23.45 «По ту сторону смерти-2". 01.40 «Жить ради любви". 02.20 «Адаскан қыз", өзбек т/х. 03.40-04.10 Кешкі жаңалықтар.

**7-АРНА**

06:00 «Қуырдақ». 07:00 Jaidatman. 08:00 «Серт пен сезім». 09:00 «Женский доктор». 10:00 «Гадалка». 10:30 «Хорошие руки». 12:30 «Менің атым Арман». 13:20 «Бастық боламын». 14:20 «Серт пен сезім». 15:20 «Женский доктор». 16:20 «Гадалка». 17:30 «Көзайым». 18:30 «Айба».

**КТК**

07.05 Кешкі жаңалықтар. 07.30 «Аманат», өзбек т/х. 09.00 «Адаскан қыз", өзбек т/х. 10.40 «Астарлы ақиқат". 11.40 Новости. 12.20 «По ту сторону смерти-2". 14.30 «Вместе навсегда". 16.30 «Жить ради любви". 18.30 «Тогжан", т/х. 19.30 Кешкі жаңалықтар. 20.00 «Дау-ламайсыз". 20.35 «КТКweb". 21.00 Вечерние новости. 21.40 «Коснувшись сердца". 01.10 «Жить ради любви". 02.40 «Адаскан қыз", өзбек т/х. 03.50-04.20 Кешкі жаңалықтар.

**7-АРНА**

06:00 «Қуырдақ». 07:00 Jaidatman. 08:00 «Серт пен сезім». 09:00 «Женский доктор». 10:00 «Гадалка». 10:30 «Хорошие руки». 12:30 «Менің атым Арман». 13:20 «Бастық боламын». 14:20 «Серт пен сезім». 15:20 «Женский доктор». 16:20 «Гадалка». 17:30 «Көзайым». 18:30 «Айба». 19:00 «Студия 7». 19:30 «Хорошие руки». 21:30

**КТК**

07.05 «Мерекелік концерт". 07.30 «Еркіндік құны", т/х. 08.00 «Көңілді отбасы". 09.00 Новости. 09.40 «Смеяться разрешается". 11.50 «Коснувшись сердца". 15.30 «Шхұсса", к/ф. 16.50 «Алдараспан". 17.30 «Үш театр", әзіл-сықақ думанды кеш. 20.00 «Ақ мама", реалити-шоу. 21.00 «Большые новости". 22.00 «Солнечные дни". 01.30 Жить ради любви". 03.00 «Шхұсса", к/ф. 04.10-04.30 «Көңілді отбасы".

**7-АРНА**

06:00 «Қуырдақ». 06:30 «Гу-гулет». 07:00 «Япырай». 07:30 «Құтты қонақ». 08:00 «12 күн». 09:00 «Путь сквозь снега». 11:00 Х/с «Женщина его мечты». 15:00 К/ф «Жан балам». 17:10 «Зын-зын

**КТК**

07.05 «Мерекелік концерт". 07.30 “Жан ана". 09.50 “Дом культуры и смеха". 12.30 “Солнечные дни". 15.50 “Жанарымның нұры – сен”, к/ф. 17.20 “Мерекелік концерт". 19.00 “Ән мен әнші”. Арман асуы. 20.00 “Ақ мама”, реалити-шоу. 21.00 “Портрет недели". 22.00 “Реставратор". 23.50 Жить ради любви". 01.30 “Жанарымның нұры – сен”, к/ф. 02.40-04.30 «Мерекелік концерт».

**7-АРНА**

06:00 «Қуырдақ». 06:30 «Гу-гулет». 07:00 «Япырай». 07:30 «Құтты қонақ». 08:00 «12 күн». 10:00 «Любовь в большом городе 3». 11:50 Шоу «Маска». 15:00 К/ф «Екінші мүмкіндік». 17:00 «Тақиясыз періште». 19:30 «240 часов». 21:00

2». 19:30 «Хорошие руки». 21:30 «Красавчик». 23:40 «Красавчик 2». 02:00 «Оян, Qazaqstan» Music. 02:30 «Тамаша 7 км». 03:30 «Япырай». 04:00 «Айна-online». 05:00 «Қуырдақ».

**ДИДАР**

08.00 Таңғы жаттығу. 08.05 Док/фильм. 09.00 К/ф«Долана». 10.25 Д/ф «Әлемдегі мәдени байлықтар» Қытай. 10.40 Фильм «Невеста для брата». 11.55 «Көңіл шуағы» мерекелік құттықтау. 12.00 Д/ф «Ұлы жазушылар». 13.00 «Тамшы гүмбір» Ахмедия Есмұханов. 13.30 «Көңіл шуағы» мерекелік құттықтау. 13.35 «Қыз Жібек» К/ф. 16.00 «Еске алу». 16.15 Мультфильм. 16.25 «Көңіл шуағы» мерекелік құттықтау. 16.30 Т/х «Айналайын». 17.00 Т/х «Кешір, мен сені сүйемін». 18.00 «Көңіл шуағы» мерекелік құт-

далка». 17:40 «Любовь в большом городе 3». 19:30 «Хорошие руки». 21:30 Валерий и Константин Меладзе «Полста». 23:40 «Путь сквозь снега». 01:30 «Гадалка». 02:00 «Оян, Qazaqstan» Music. 02:30 «Тамаша 7 км». 03

ЕР-АЗАМАТТАРҒА КЕҢЕС

8 Наурыз қарсаңында ер адамдар өз жарларына, жақындарына сыйлық іздей бастайды. Көңілден шығатындай жақсы сыйлық жаса-сам деп ойлайды. Ал, әйел заты сыйлық алғанды өте жақсы көреді. Сыйлық сыйлана қалса, маған деген ықыласы, шын көңіл бөлуі деп түсінеді. Сондықтан да қыз-келіншектерге сыйлық аларда мағыналы, белгілі бір жақсы ниетті жеткізе алатындай сыйлық алған жөн. Әр сыйланған сыйлық шын жүректен болса, сыйлық алушыға жарқын көңіл, қуаныш сыйлайды. Сонымен сыйлықтар сырына тоқталайық.

Өтір. Өтір таңдаған кезде жас пен мінез-ге көңіл бөлуге болады. Сонымен бірге оның бағасы да көп рөл ойнайды. Барынша сапа-лы, әрі қымбат өтір алуға тырысыңыз. Бояну құралдары. Шет елде сұрақ жүргізудің арқасында 80 пайыз әйелдер сый-лыққа бояну құралдарын алғысы келетіні анықталған. Біздің елде де қыз-келіншектер қауымы осы сыйлық түрін жек көре қоймасы анық.

**Құрметті сыныптасымыз, Теректі ауылының тумасы Мейрамқұл Жасынбекқызы БАЙҒАБУЛОВА!**



Сізді 50 жас мерейтойыңызбен құттықтаймыз. Сізге деніңіздің саулығын, шаңырағыңызға ырыс байлығын тілейміз. Отбасыңыздан ынтымақ, бақ таймасын. Дос-жаран мен туған туыс алдында әрдайым абыройыңыз арта берсін!

Тілек білдірушілер: Теректі ауылының 1989 жылғы түлектері.

**Құрметті сыныптасымыз, Теректі ауылының тумасы Сәндігүл Сәметқызы БАЙҚАСЫНОВА!**



Сізді 50 жас мерейтойыңызбен құттықтаймыз. Отбасыңызға амаңдық, деніңізге саулық, шаңырағыңызға ырыс-байлық, жүрегіңізге мәңгі жастық жалынын тілей отырып, дiттеген максаттарыңызға жетуіңізге тілектеспіз.

Тілек білдірушілер: Теректі ауылының 1989 жылғы түлектері.



**С**ыйлық алмас бұрын қандай сыйлық түрі жақсы соны ойланамыз. Алдымен, әйел затына не ұнамайды соны біліп алған жөн. Қыз-келіншектерге сыйланатын ең сәтсіз сыйлық – үй жануарлары. Мұндай сыйлықты алдын-ала ескертусіз сыйламаған жөн. Ол адамның үй жануарларына аллергиясы бар шығар, мүмкін мүлде ұнамайтын шығар. Әрі беріден соң үй жануарларының жауапкершілігін мойнына алуға дайын емес те болар. Ең сәтсіз сыйлықтың 2-орнында спорттық құралдар тұр. Сыйлық алатын адам спортпен шұғылданатын болса жөн, егер ол толықтау келген немесе спортқа аса көңіл бөлмейтін жан болса, бұл ойыңызды кәте түсініп қалуы әбден мүмкін. 3-орын жұмсақ ойыншықтарда. Жүрек құшақтаған қонжықты көрген әйел адам өзін кішкене мектеп оқушысы деп ойлаған ба деген шешімге келуі мүмкін. Ал, жас қыздарға таптырмайтын сыйлық. Ас үй құралдары әйел адамның орны ас үй екен деп түсіндіріп тұр деген ойға әкелуі мүмкін. Сондықтан да, бұл сыйлық түрі 4-орында. Ақша мен түнгі киімдер 5-орынды алып тұр. Конвертке салынып берілген ақша өзі үшін уақыт бөлмей, жауапкершіліктен қашқан екен деп ойлантып, көңіл-күйді түсіреді. Ал, түнгі киімге келер болсақ, сыйлық сыйлайтын жанның нендей түс пен қандай түрді ұнататынын қателесуіңіз мүмкін. Қазақтың ұян қыз-келіншектері мұндай сыйлыққа өзгеше көзқараста болары анық. Әр халықтың өзінің ырым-тыйымдары бар. Сол секілді сыйлыққа қатысты да әр түрлі көзқарастар қалыптасқан. Мысалы: Сағат. Сағат сыйлау уақытта кездесудің, айырылысудың белгісі деп қабылданады. Бет

орамал. Ауырғанда немесе көз жасын құртуға арналған кезде гана бет орамал пайдаланады деген түсініктегі жанға бет орамал сыйламағаныңыз абзал. Ұшты заттар. Жауласудың, араздасудың белгісі ретінде қабылданады. Айна. Әйел заты айнаны өте жақсы көрсе де, айна сыйлана қалса, өзінің теріс пиғылымен келді деген ырымға әбден сеніп қалуы мүмкін. Мойыншалғы. Айырылысу сәтін әкелуі мүмкін деген түсінік бар. Жем-чүг. Көз жасын бейнеленгендіктен көп адамға сыйлана бермейді. Оның орнына гауһар тас сыйлауға әбден болады. Хоош. Ананы болмайды, мынаны байқап беріңіз деп бастарыңызды қатырып жібердік пе? Ендеше әйел адамға ойланбай-ақ сыйлауға болатын сыйлықтар легін де айтып шығайық. Гүл. Қай қыз-келіншек болмасын гүл десе жүздеріне нұр ойнап, сыйлыққа гүл алғанда ерекше қуанады. Барлық сыйлық атаулының ішінде гүлге жетері жоқ. Гүл өзінің әдемілігі мен керемет иісінің арқасында сыйлық иесіне тамаша заттық сыйлайды. Гүлге барлық сыйлық атаулы тең келмейді. Гүл алғандағыдай керемет сезімді басқа ешбір сыйлық бере алмайды.

Керамикалық сыйлықтар. Әйел заты әдемілікке құмар келеді. Жоғарыдағы сыйлықтарды таңдау қиынға соқса, әдемі керамика бұйымдарын сыйға алуға әбден болады. Өз қолыңызбен жасаған бұйым. Бағалауға тұрарлық сыйлықтар тізіміне жатады. Қолыңыздан сурет салу, ағаш жону, ұсталық секілді өнерлер келетін болса, өз қолыңызбен ерекше бір дүние жасауға болады. Өлең. Әйел заты құлағым сүйеді деп бекер айтылмаса керек. Мереке күні айтулы ақынның керемет бір өлеңін жаттап айтып берсеңіз, ерекше сыйлықтың иесі бола аласыз. Өзіңіз өлең шығаратын өнеріңіз болса, тіптен жақсы. Өзіне ғана арналған дүниеге әйел заты ерекше құрметпен қарайды. Қымбат әшекей бұйымдар. Әйел затының ең осал тұсы әшекей бұйымдар. Мұнда көбіне жас ерекшелігіне көп көңіл бөлінеді. Өмірде сыйлықтар саны өте көп. Ерекше талғаммен таңдаңыз да, сыйлай беріңіз. Не сыйласаңыз да шын жүректен сыйлаңыз, шын жүректен шыққан лебіз арзан сыйлықты да ең керемет ете алады.

(Ғаламтор желісінен).

**ҚАДІРЛІ ОҚЫРМАН!**

Біз үшін елдің мүддесі, оқырманның тілегі басты орында. Осы мақсатта «Оқырман отауы» айдарын қайта жаңғырттық. Осыған байланысты қала, ауданның тыныс-тірлігін байланысты талап-тілегіңіз туындаса, ұсыныс-пікіріңіз болса, тайсалмай айтыңыз, ірікпей жазыңыз! Ол үшін **Whatsapp** әлеуметтік желісінде арнайы нөмір қосып отырмыз. Бұқараның базанына үн қатуға әрқашан әзірміз.

**Байланыс нөміріміз 8(701)-118-88-08.**

**Қадірлі оқырман!**

Аймағымыздың уақыт талабына сай алға басуы үшін әрқайсысымыз ат салысып, қалауымызды айтып, талабымызды қояйық. Шешілуіне де бірлесе жұмылайық.

**Құрметпен, аймақтық «SARYARQA» газеті!**

**Whatsapp 8(701)-118-88-08**

ӘЗІЛІН ЖАРАССА...



Әйелдер-ай, әйелдер...

«Әйел адамды түсінудің екі гана жолы бар, бірақ ол екі жолды әлі ешкім білмейді» деп қалжыңдап жатады ерлер қауымы. Әйелдердің қылығы мен қыңырлығы жайында талай аңыздар мен қызықты әңгімелер аз емес. Мереке қарсаңында біз де назарларыңызға әйел болмысы туралы әзілдер топтамасын ұсынғанды жөн көріп отырмыз.

**КҮЙЕУІМ ҚАШАН БОЛАДЫ?**

Бір әйел көріпкелге келіп:  
– Бес жыл бұрын сіз маған «күйеуіңіз және бес балаңыз болады» деп едіңіз, – дейді.  
– Иә, қалай болды?  
– Солай болды, бес бала таптым.  
– Айтқаным айдай келіпті ғой. Енді не дейсің?  
– Бәрі дұрыс қой. Бірақ күйеуім қашан болады?

**ҰРПАҚТАР САБАҚТАСТЫҒЫ**

Бір кісі досына:  
– Бұрын әйелдер ергелі-кеш ерлерінің атын атамай, «Біздің үйдің кісісі», «Әкесі», «Отағасы» деген екен, – депті. Сөйтсе досы:  
– Қазіргі әйелдер де ерлерінің атын атамайды ғой. «Ал-

басты», «Малғұн», «Сұмырай», «Алқаш», деп шұбыртатын болды емес пе. Ұрпақтар сабақтастығы дейді мұны, – депті саусағын жоғары шошайтып.

**ОҒЫ ТАУСЫЛҒАН АҢШЫНЫҢ КЕРЕГІ НЕ?**

Ертеде Жаукең дейтін бір азамат серілік құрып жұмыстан үйге ылғи кешігіп, кейде қона-жатып келеді екен. Әйелі әрі ренжиді, бері ренжиді. Анау мұны құлағына да қыстырмайды. Сосын «жөндесе осы жөндер» деп оның бар қылығын Қабат деген құрдасына айтады. Ол мұны тындап болып:  
– Әй, оған несіне ренжисің? Ер адам аңшы сияқты ғой. Бір күні оғы таусылғанда өзі-ақ келеді, – деп ақыл айтқан болады. Сөйтсе, досының әйелі де айтқыш екен:  
– Ондай оғы таусылған аңшы бізге не керек, – депті.

**КЕЗЕКТЕСІП СӨЙЛЕССЕНДЕР БОЛМАДЫ МА?**

Әйелі күйеуіне:  
– Біздің телефонға не болған? Өлгінде құрбыммен сөйлесіп едім, бір сөзін де түсінбедім, – десе керек. Сонда күйеуі:  
– Екеуің кезек-кезек сөйлескендер, түсінер едіңдер ғой, – депті.

**МЕН ОНЫҢ ЕКІНШІ КҮЙЕУІМІН ҒОЙ**

– Ереке, соңғы уақытта мазаң болмай жүрген сияқты ғой.  
– Ұйқым бұзылып, үрей билеп...



– Не болды?  
– Бұрынғы әйелім бесінші күйеуінен ажырасып, қайтадан біріншісіне қосылыпты...  
– Онда тұрған не бар?!  
– Мен оның екінші күйеуімін ғой...

**ЖАҚСЫ КҮЙЕУ КЕРЕК**

– Ал мен өмірімде үш рет үйленгенмін. Сондықтан да әйелге не керек екенін жақсы білемін.  
– Не керек екен сонда?  
– Жақсы күйеуі!...

**КІМ БІРІНШІ ТОҚТАЙДЫ ЕКЕН**

Әйелі күйеуіне:  
– Мен ұрса бастағанда, сен неге сағатқа қарай бересің? – деп сұраса, күйеуі:  
– Қымбаттым, кім бірінші тоқтайды екен – сен бе, әлде сағат па деп қараймын, – деп әзілдей жауап беріпті.

Әйелдермен әзілдескен Ізім ҒАЙЫМОВ.

